# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№135-136 (20209-20210)

4 қыркүйек, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ | www.instagram.com/syrboyi_kz | https://twitter.com/syrboyi | t.me/syrboyi_kz



2 Байқоңыр қаласын дамыту мәселелері талқыланды





3 Салымшының сенімі ақталғаны игі






4 Болмыс қалтарысы





5 COVID – 19: Қатер мен қапер




ПРЕЗИДЕНТ

# ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ – БАСЫМ БАҒЫТ



**Кеше Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев VI Шығыс экономикалық форумының пленарлық мәжілісіне бейнебайланыс режимінде қатысты. Сонымен қатар аталған жиында Ресей Президенті Владимир Путин мен Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэсух спикер ретінде сөз сөйледі. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Үндістан Премьер-Министрі Нарендра Моди, Таиланд Премьер-Министрі Праютт Чан-Оча форумның қатысушыларына бейнеүндеу жасады.**

Мемлекет басшысы сөйлеген сөзінде осындай маңызды жиынға қатысуға шақырғаны үшін Ресей Президентіне ризашылық білдірді. Қазақстан Президенті аталған форумның экономикалық ынтымақтастықтың мейлінше өзекті проблемалары бойынша, шын мәнінде, беделді халықаралық диалог алаңына айналғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін бұл аймақтың стратегиялық серіктес ретінде маңызы зор екенін айтты. Өйткені өңір географиялық жағынан Еуразияны қарқынды дамып келе жатқан Азия Тынық Мұхит аймағымен түйістіреді.

– Қазақстан Орталық Азиядағы экономикасы ең ірі ел ретінде өзінің аталған аймақпен қарым-қатынастарын күшейтуді жоспарлап отыр. Мұндай қадам еліміздің Азиядағы серіктестерімен арадағы байланыстарға зор мән беретінін көрсетеді. Біздің стратегиялық серіктесіміз әрі одақтасымыз, ұлы еуразиялық алпауыт ел – Ресей Федерациясымен жан-жақты ынтымақтастық орнату Қазақстанның еуразиялық стратегиясының негізгі элементі болып табылады, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы өзара ықпалдастықты күшейту үшін бірқатар бағытқа егжей-тегжейлі тоқталды.

Қазақстан Президенті тиімді көлік инфрақұрылымын қалыптастырудың маңыздылығына баса мән берді. Сондай-ақ транзиттік тораптарды дамытуда еліміздің әлеуеті мен мүмкіндіктері жөнінде, соның ішінде, осы саладағы ұлттық жоспарларды Еуразиялық экономикалық одақтың қызметімен және Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасымен ұштастыру туралы кеңінен айтты.

– Қазақстан транзиті өзінің экономикалық тұрғыдан тартымдылығы мен сенімділігін дәлелдеді. Сондықтан инфрақұрылымды жетілдіру ісін жалғастыра береміз. Атап айтқанда, ҚХР-мен арадағы транзиттік қатынастарды кеңейту үшін «Достық – Мойынты» жаңа темір жол бағытының құрылысын бастаймыз. Инвестицияның жалпы көлемі 2 миллиард доллардан асады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтың әлеуетін арттыру үшін ынтымақтастықтың жаңа формасын қалыптастыру жөніндегі Шығыс экономикалық форумының идеясына қатысты ой-пікірін ортаға салды.

– Біздің ортақ мүддеміз – инвестиция тартып, жаңа жұмыс орындарын ашатын және келешекте орнықты дамуды қамтамасыз ететін өсімнің жаңа көздерін табу, – деді Президент.

Осы ретте Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресей арасындағы тау-кен металлургиясы, цифрландыру, коронавирус індетіне қарсы вакцина әзірлеу, қаржы, ғарыш, мұнай-газ, жаңартылатын энергия көздері, автомобиль жасау салалары бойынша табысты жүзеге асырылып жатқан бірлескен жобалар жөнінде, сондай-ақ, жыл сайын өтетін Өңіраралық ынтымақтастық форумы туралы айтты.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР мен Оңтүстік Корея арасындағы ықпалдастыққа бағытталған осыған ұқсас бірлескен жобалар жайында мәлімет берді.

– Жалпы, шетел инвестициясын тарту – еліміздің экономикалық саясатының сөзсіз басымдығы. Қазақстанға 365 миллиард доллардан астам шетелден тікелей инвестиция тартылды. Тіпті былтырғы дағдарыстың өзінде Қазақстанға тартылған инвестицияның көлемі 35 пайызға артты, – деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Азия Тынық Мұхит аймағы елдерімен іскерлік байланыстарды нығайтудың перспективаларына тоқталды. Мемлекет басшысы Қазақстанның бұл өңірмен арадағы тауар айналымы былтыр 43 миллиард доллардан асқанын атап өтті. Соның 94 пайызы Ресей, Қытай және Корея елдеріне тиесілі.

– Сауда-саттықты одан әрі дамытып, оның географиясын кеңейту үшін әлеуетіміз жетеді деп санаймын. Осы ретте, әлемдік сауда-экономикалық қоғамдастықта маңызды орын алуға уәде беріп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың рөлін ерекше атап өту керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.


2-бет


ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы елдің болашақ дамуы мен ертеңгі күнге бетбұрысын айқындап берді. Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың жетекшілігімен өткен актив жиынында да өңір экономикасының даму стратегиясы айқындалып, Жолдаудан туындайтын міндеттер талқыланды. Басқосуға әкім орынбасарлары, депутаттар, басқарма, салалық департамент басшылары мен селекторлық режимде қала және аудан әкімдері қатысты.**

# Жолдау дамуға тың серпін береді

Алдымен аймақ басшысы Мемлекет басшысы маңыз берген саяси жаңғыртуға, азаматтық қоғамды дамытуға, жаңа әлеуметтік стандарттарды қолданысқа енгізуге, отандық бизнесті қолдап, мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға бағытталған жаңашылдықтарға тоқталды.

– Мемлекет басшысы пандемиядан кейінгі кезеңдегі елді одан әрі дамытуға, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға, сапалы біліммен қамтуға, өңірлік саясатты жетілдіруге, адам құқығын қорғауға бағытталған бастамаларын жариялады. Осылайша, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттырудағы 5 бастама айқындалып отыр. Алдағы уақытта Жолдауда көтерілген барлық бағыт бойынша облыста нақты шаралар қабылданып, іске асырылатын болады, – деді облыс әкімі.

Президент «Саяси жаңғыруды біртіндеп жүзеге асыру – мемлекетіміздің стратегиялық бағдарының басым міндеті» деп атап өткен болатын. Бұл орайда облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов баяндама жасады.

– Жолдауда адам құқықтары саласына ерекше көңіл бөлінді. Өйткені адам құқықтарын, соның ішінде конституциялық құқықтардың рөлін жоғары көтеру маңызға ие. Президент Қазақстандағы адам құқықтары Біріккен Ұлттар ұйымының индикаторларына сәйкес келу керектігін айтты және құқықтық салада талайдан бері айтылып жүргенімен, қолдау таппай жүрген маңызды бастамалар осы Жолдаудан көрініс тапты, – деді Наурызбай Сейітқалиұлы.

Ал, Мемлекет басшысының Өңірлерді дамыту жоспарларын бекітілген жалпыұлттық міндеттерге сай жаңарту және бюджет үдерістерін жеңілдетіп, бюрократияны азайту, цифрлық тәсілдерді қолдана отырып бөлшектенген бюджетті енгізу тапсырмасына сәйкес, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай сөз сөйледі. Басқарма басшысы бөлінген қаржыдан шашау шығармай, оның мақсатты жұмсалып, уақытылы игерілуі бақылауда екенін жеткізді.

– Атқарылған жұмыс аз емес, нәтиже бар. Биыл облыстың өнеркәсіп кәсіпорындарында 214,6 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Өңір экономикасына 55,7 млрд теңге инвестиция салынған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 6,1 процентке артық. 155,5 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.


2-бет



## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 5-сессиясы 2021 жылғы 10 қыркүйекте сағат 10:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) ахуалдық орталығында бейне-конференц байланысы арқылы өткізіледі.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. Қызылода облысы бойынша тексеру комиссиясы төрағасының өкілеттігі туралы.
2. Қосымша мәселелер.

**Облыстық мәслихат**


5 ҚЫРКҮЙЕК– ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

# Тіл – ұлттың жаны

**Тіл – мемлекеттің тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті. Сондықтан ана тілінің қолдану аясын кеңейту, мәртебесін жоғарылату күн тәртібінен түскен емес.**

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Осыған дейін Тілдер мерекесі 22 қыркүйекте тойланып келді. Ал 2018 жылдан бастап қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін қалаушы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай 5 қыркүйек болып өзгертілді. Оның өзіндік себебі бар. Бұл күн – «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл» деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры, тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Асыл азаматты ардақтау арқылы туған тілге деген құрметімізді, ал тіліміздің мерейін көтеру арқылы Ахмет Байтұрсынұлының өлшеусіз еңбегін дәріптейміз, өскелең ұрпаққа насихаттаймыз.


2-бет


НАРЫҚ

# «Әлеуметтік дүкендердің» әлеуеті қандай?

**Азық-түлік қанша қымбаттаса да, «Әлеуметтік дүкендердегі» баға нарықтан біршама төмен болатыны белгілі. «Бәйтерек» шағын ауданындағы сауда орнына барғанымызда бұған тағы да көз жеткіздік. Көктемде құны шарықтап кеткен картоп 130-дан, сәбіз 180, өсімдік майы 630 теңгеден саудалануда. Бір айта кетерлігі, халыққа арзан азық-түлік өнімдерін ұсыну мақсатында құрылған барлық «Әлеуметтік дүкендерде» өнімдердің бағасы бірдей.**

**Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»**



Өзі шағын болса да, мұндай сауда орындарына халықтың жиі келетіні де сондықтан. Біз барғанда дүкенге келген «Бәйтерек» шағын ауданының екі жылдан бергі тұрғыны Әлия Қалтаева тұрақты тұтынушы екенін жеткізді. Көпбалалы ананың айтуынша, азық-түлік арзан болуымен қатар, жиі толықтырылып тұратындықтан сапалы. Сондай-ақ, ет пен сүт өнімдерінің бағасы да басқа дүкендерге қарағанда төмен.

Облыс орталығында мұндай 34 әлеуметтік дүкен болса, «Мирас», «Аль-Асад», «Ажар», «Қызылорда Оптомаркет», «Анвар» супермаркеттерінде әлеуметтік бұрыштар ашылған. Алдағы уақытта дүкендер саны бұдан да артатын болады. Биыл 5 әлеуметтік дүкен іске қосылса, жыл аяғына дейін тағы да бесеуі сол жағалауда, «КБИ», «Наурыз» шағын аудандарында ел игілігіне беріледі.

Сонымен қатар, «Байқоңыр» ӘКК» басқарма төрағасының орынбасары Жеңісбек Ахметов аудандарда да әлеуметтік дүкен ашу жоспарда бар екенін айтты.

– Пандемияға байланысты бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында тұрақтандыру қорына облыстық бюджеттен 1,4 млрд теңге қаржы бөлінді. Қазір тұрақтандыру қорында 1000 тоннадан астам өнім бар. Оның ішінде 600 тонна бірінші сортты бидай ұны, 97 тонна күріш, 235 тонна қант бар. Әлеуметтік дүкендер мен бұрыштарда өнімдер статистикалық бағадан 10 процентке төмен сатылады, – деді ол.

Тұрақтандыру қорының сатып алу интервенцияларын өткен жылдан бері мемлекеттік сатып алу арқылы, сондай-ақ, картоп, қант сияқты өнімдерді биржа арқылы жүргізу міндеттелген. Бағаны тұрақтандыру шаралары «айналым» схемасы бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне қайтарымды заем беру арқылы жүргізілуде. Қазір «айналым» схемасы арқылы 7 кәсіпкерлік субъектісіне 828 млн теңге бөлінді.

Айта кету керек, кейінгі уақытта астық өндіруші өңірлерде ұн бағасының қымбаттау фактілері байқалады. Бұл ретте облыс көлемінде наубайхана иелерімен кездесулер ұйымдастырылып, нан пісіретін әлеуметтік наубайханаларды төмен бағада ұнмен қамтамасыз ету шаралары қабылданатыны және бағаны негізсіз көтермеу туралы айтылды.

Бүгінде аймақтағы сауда орындарында азық-түлік тауарларының қоры жеткілікті, өнімдер бағасы бақылауда. «Аль-Асад» сауда үйіндегі әлеуметтік бұрышта орналасқан азық-түліктің бағасы мен сапасына зер салғанымызда да, осы жылы тым көтеріліп кеткен өнімдердің құны біршама төмендегенін байқадық. Айталық қыс айларында 50-55 теңгеден сатылған жұмыртқаның 1 данасы әлеуметтік дүкендерде 24 теңге.

Сондай-ақ, басқарма төрағасының орынбасары облыста азық-түлік тапшылығы байқалмайтынын, алдағы уақытта қант бағасы көтерілуі мүмкін деген болжамның барын, дегенмен тұрақтандыру қорында жеткілікті мөлшерде қант бар екенін жеткізді.

# ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ – БАСЫМ БАҒЫТ

Мемлекет басшысы өз сөзінде азық-түлік қауіпсіздігін жаһандық деңгейде қамтамасыз етуге бағытталған ықпалдастық орнатудың маңызды екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлемдегі ауыл шаруашылығы дамыған елдердің мүмкіндіктеріне сілтеме жасай отырып, мұқтаж адамдарды сапалы әрі арзан азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін бірлесе күш жұмылдыруға шақырды. Осы ретте Президент Қазақстанның аграрлық әлеуеті туралы, соның ішінде, отандық өңделген өнімді сыртқы нарыққа экспортқа шығару жөнінде айтты.

– Қазақстан мен Ресейдің салалық ведомстволары ауыл шаруашылығы өнімдерін үшінші елдердің нарығына шығару мақсатында күш жұмылдыру мүмкіндігін қарастыра алар еді. Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін ҚХР-ға экспорттау үшін номенклатураны кеңейту мәселелері бойынша Қытаймен жұмыс істеп жатыр. Азық-түлік тасымалдау саласындағы ұзақмерзімді ынтымақтастық көлік-транзит саласы сияқты өңірлік кооперацияны дамытудың тиімді үлгілерінің бірі бола алады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев көміртекті азайта отырып дамуға көшуді форумдағы өзекті тақырыптардың бірі ретінде атады. Осы ретте, ол көмір өнеркәсібіне тартылатын инвестицияның азаюына және мұнай-газ секторын қаржыландыру деңгейінің төмендеуіне байланысты туындауы мүмкін қиыншылықтарға баса мән берді. Оның пікірінше, бұл жағдайлар елдеріміздің экономикасына қатер төндіреді. Мұның салдары ресурс тапшылығына, инфляцияға және тұрмыс деңгейінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

– Аталған мәселеге барынша прагматикалық тұрғыдан, мүмкіндігінше, үйлесімді тұрғыдан келу керек деп есептеймін. Алдағы уақытта әрбір ел технологиялық және экономикалық құрылыс трансформациясына байланысты қиыншылықты бастан өткереді. Бұл, әрине, ұлттық экономикаға қауіп төндіреді. Бірақ бұл қатерді тек өңірлік, әсіресе жаһандық деңгейде бірлесе жеңуге болады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, елеулі технологиялық прогресс пен тұрмыс сапасының артуына қарамастан, қауіпсіздік тұрғысынан әлем одан сайын әлсіз бола түскенін айтты.

– Қазақстан Еуразия – «біздің ортақ үйіміз» деген ұстанымды қолдайды. Біз барлық сала бойынша сындарлы ынтымақтастықты жалғастыруға дайынбыз. Керемет құрлығымыздағы мемлекеттер өзара тиімді сауда-саттық пен экономикалық ынтымақтастық арқылы ортақ әрі жарқын болашақ идеясы жолында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған қоғамдастық бола алар еді. Мұндай әдіс өңірлік және жаһандық кооперацияны дамытуға, экономикадағы өсімнің жаңа көздерін қалыптастыруға тың серпін беретіні сөзсіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы форум аясында Ресей Президенті Владимир Путинмен бірге Қазақстан Үкіметі мен СБЕР компаниялар тобы арасында цифрлық трансформация, цифрландырудың платформалық моделіне көшу жобалары мен Data-Driven Government тұжырымдамасын жүзеге асыру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсіміне қатысты. Аталған құжатқа Қазақстан тарапынан Премьер-Министр Асқар Мамин, Ресей жағынан «Сбербанк» ЖАҚ басқарма төрағасы Герман Греф қол қойды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойылған Меморандумға қатысты түсіндірме жасай отырып, бұл жоба екі мемлекеттің бір-біріне деген өзара сенімін білдіретінін атап өтті. Сондай-ақ сипаты жағынан шын мәнінде стратегиялық бастама екеніне назар аударды.

– 15 жылдан астам уақыт біздің нарықта табысты жұмыс істеп келе жатқан СБЕР-дің қазақстандық мемтехтың институционалдық негізін қалыптастыруға атсалысуы Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықты зияткерлік технология сияқты аса маңызды сала арқылы жан-жақты ете түседі. Шын мәнінде, бұл – өте маңызды қадам. Бұл стратегиялық жобаның жүзеге асырылуы Қазақстан азаматтарының тұрмыс сапасын арттыруға және бизнес-климатты жақсартуға ықпал ететіні сөзсіз, – деді Қазақстан Президенті.

Өз кезегінде Ресей Президенті Владимир Путин СБЕР-ді стратегиялық серіктес ретінде таңдағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс білдірді.

– Бүгінгі бірлескен жұмыстар жемісті әрі нәтижелі болады деп санаймын. Бұл елдеріміз бен халықтарымыз арасындағы толыққанды әрі маңызды серіктестікті одан әрі нығайтуға ықпал етеді, – деді Ресей Президенті.

1-бет

# Жолдау дамуға тың серпін береді




Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 18,2 млрд теңгені құрап, 2,7 процентке өсім қамтамасыз етілді. 12114 жаңа жұмыс орны құрылған. Ал, жарияланған Президент Жолдауы өңір экономикасының дамуына одан әрі септеседі деп білеміз. Мәселен, келер жылдан бастап елдегі ең төменгі жалақы 17 мың теңгеге артады, яғни 42500 теңгеден 60 мың теңгеге дейін көтеріледі. Сондай-ақ, 2022 жылы 600 мыңға жуық отандасымыздың айлығы 20 процентке көбеймек. Ол жалпы ішкі өнімнің 1,5 есеге артуына ықпал етеді, – деді басқарма басшысы.

Келесі кезекте өңірдің алдағы инвестициялық мүмкіндіктерін облыстық индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев тарқатып берді. Мәліметке сүйенсек, облыста негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1993 жылы 310 млн теңгені құраса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 292,3 млрд теңгеге дейін жеткен. 1991 және 1992 жылдары негізгі капиталға салынған инвестицияларды есепке алу рубльмен жүргізілгенін ескерсек, 1991 жылы ол 1,3 миллион рубль, 1992 жылы 17 миллион рубльді құраған. Өңдеу өнеркәсібіне тартылған инвестиция көлемі 1999 жылы 378 млн теңгеден 2019 жылы 18,0 млрд теңгеге дейін жетіп отыр. Бұл – ауқымды жұмыстардың жемісі, ел Тәуелсіздігінің жетістігі екені анық.

«Өңірде өнім өндірудің барлық саласында даму бар. Экономиканы әртараптандыра отырып, шикізат шылауынан шығуға индустрияландырудың бесжылдықтарында жүзеге асып келе жатқан жобалар дем беруде. Биыл іске асқан бастама көп. Ал, келер жылы түйе сүтінен жасалған құрғақ ұнтақ зауыты, құс фабрикасы, тауық етін қайта өңдеуге бағытталған құс фермасы, ет өңдеу комбинаты мен балық қалдықтарынан ұн өндірісі секілді 5 жоба іске қосылады. Сонымен қатар Жолдауда көтерілген геологиялық барлау және жер қойнауын кешенді зерттеу мәселесі бойынша ашық цифрлық мәліметтер базасын құрып, оны инвесторлар үшін қолжетімді ету күн тәртібінде» деді ол. Бұл ретте аймақ басшысы жеделдетіп, тиісті министрлікпен жұмысты қарқынды түрде жүргізуді тапсырды.

Жиында еліміздегі ауыл шаруашылығының әлеуеті зор бола тұра агроөнеркәсіп кешені саласында қордаланған проблеманың аз еместігі айтылды. Мәселенің туындауы азық-түлік тауарларының бағасын белгілеу, оны бөліп-таратудың тиімсіз жүргізілуімен байланысты. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев бұл ретте «Өңірдегі агросектордың әлеуеті қандай?» деген сауалға жауап беріп, саланы дамытудағы басты басымдықтармен бөлісті. Атқарылған іс пен межелі жоспарды ортаға салды. Мәселен, қазір ауыл шаруашылығы дақылдарының егін көлеміне ғарыштық бақылау жүргізу қолға алынған. Бүгінде «Қызылорда» және «Әйтек» су тораптарына жөндеу жұмыстары жүргізілуде, 2025 жылға дейін коммуналдық меншіктегі 192 су шаруашылығы нысандарын тазалау кезең-кезеңімен атқарылатын болады. Сондай-ақ, 2025 жылға дейін 15 магистральді шаруашылықаралық каналдарды цифрландыру іске асады деген жоспар бар. Облыс әкімі аталған жұмыстарды жалғастыруды тапсырды және басқармаға бірқатар тапсырма жүктеді.

– Азық-түлік өндірісімен қамтамасыз ету балансын есептей отырып, ауыл шаруашылығы саласында әртараптандыру шараларын қабылдау қажет. Мал шаруашылығы саласында өндірілетін өнімдердің басым бөлігі жеке қосалқы шаруашылықтардың үлесінде болғандықтан, олардың қажетті жайылымдық жермен қамтылуын заңдастыруды ұйымдастырып, ауылдық елді мекендерде кооперациялау жұмысын дамыту аясында жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперацияға тартуды жандандыру міндеті қойылады. «Алқаптан сөреге дейін» пилоттық жобасының іске асырылуы бойынша Жамбыл облысының тәжірибесін зерттеп, өңірге енгізу шараларын қабылдауды және суармалы сумен қамтамасыз ету үшін үнемдеу технологияларын кеңінен енгізуді тапсырамын, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, аймақ басшысы көтерме-тарату орталығын қалыптастыратын инвестор тауып, арнайы орталық ашуды, қыркүйек айының соңына дейін субсидиялау қағидаларын толықтай қарастырып, тиісті ұсыныстарды орталық атқарушы органдарға жолдауды, әлеуметтік маңызы бар негізгі азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында өңірлік тұрақтандыру қорының мамандандырылған мекемесі арқылы уақытылы сатып алу интервенцияларын жүргізуді жүктеді.

Актив отырысында экономиканың драйверіне айналған кәсіпкерлік саласы шет қалған жоқ. Мемлекет басшысы да саланы үздіксіз қолдауды жалғастыру мақсатында «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларының мерзімін 2022 жылға дейін ұзарту туралы шешім қабылдаған болатын. Сонымен бірге Жолдауда еңбекақы төлеу қорына түсетін салмақтың түсінікті әрі қарапайым болу қажеттілігі тапсырылды. Бұл, әсіресе, шағын кәсіпкерлік саласында сезіледі. Мұндай бизнес үшін жиынтық салмақты 34-тен 25 процентке төмендете отырып, еңбекақы төлеу қорынан бірыңғай төлем енгізу тапсырылды. Тақырып турасында облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов пікір білдіріп, осы міндеттерді жүзеге асыру барысын баяндады.

Басқосуда «Азаматтық альянс» заңды тұлғалар бірлестігі» қауымдастығының төрайымы Анар Ізден әйелдердің қоғамдағы экономикалық және саяси ұстанымын барынша қолдауды қамтамасыз ету, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын өзектендіру және бұл бағыттағы жобаларды іске асыруда азаматтық қоғам өкілдерін тартуға қатысты ұсынысын айтты.

Жиын соңында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Президент қысқа мерзімде Үкіметке Ұлттық Жоспарды әзірлеп бекітуді тапсырғанын, құжат аясында облыстың өңірлік даму жоспары әзірленуі керектігін алға тартты. «Қазан айына дейін аталған құжат қабылдануы тиіс. Сонымен бірге, Қызылорда қаласының және аудан әкімдерінің жекелей жаңадан даму бағдарламалары қабылдануы қажет. Жолдау негізінде қабылданатын өңірлік даму бағдарламасы арқылы алдағы міндеттерді айқындап, нақты жоспарды іске асыруға жұмыламыз» деп қорытындылады облыс әкімі.

1-бет

**ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ**

**Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгинмен кездесті. Отырысқа облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Серік Сүлейменов, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының басшысы Жасұлан Абатов қатысты.**

# БАЙҚОҢЫР ҚАЛАСЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жиын барысында тараптар арасындағы ортақ жоспарлар сөз болып, оның ішінде Байқоңырдағы жылу-электр станциясын газға қосу арқылы тұрғындарға төлем құнын төмендету мәселесі талқыланды.

– Қазақстан мен Ресей Федерациясы мемлекеттік органдарының бірлескен нәтижелі жұмыстарының арқасында Байқоңыр қаласының және тұтастай кешеннің ұзақ мерзімде дамуын қамтамасыз ету мәселелері шешілуде.

Қазіргі таңда Байқоңырда 5 тұрғын үйдің құрылысы мен инженерлік инфрақұрылымды жаңарту бойынша жұмыс жүргізілуде. «Байқоңыр» кешенін газбен қамтамасыз ету бойынша келісім негізінде жұлдызды қаладағы көпқабатты тұрғын үйлер, шағын және орта бизнес нысандар «көгілдір отынға» қосылды, – деді облыс әкімі.

Кездесу барысында Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы К.Бусыгин жылу-электр станциясын газға қосу мәселесіне қатысты бірлескен жұмыстардың маңыздылығын атап өтті. Бұл ретте «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы директорының міндетін атқарушы Ермек Қалдығұлов, облыстық экология департаментінің басшысы Нұржан Өмірсерікұлы негізгі мәселелер бойынша жасалған жұмыстарды тізбелеп берді. Сондай-ақ, Байқоңыр қаласы аумағын қоқыстан тазартудың 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасын жүзеге асыру, қоқысты сұрыптау кешенін іске қосу жұмыстарына тоқталды.

Кездесуді қорытындылаған облыс әкімі алдағы уақытта бірлескен жобалардың нәтижелі орындалатынына сенім білдірді.

**БРИФИНГ**

# Мерекелік шаралар карантин талаптарына сай өтеді

**Қазақстан халқы тілдері күні мерекесін атап өтудің облыстық іс-шаралар жоспары бекітілді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова мәлімдеді.**




2017 жылдың 31-ші қазанынан бастап Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі аталып өтілуде. Мемлекеттік тілдің аясын кеңейту үшін жыл сайын жоғары деңгейдегі іс-шаралар жалғасын тауып келеді. Биыл пандемияға байланысты іс-шаралар карантин талаптарын сақтай отырып ұйымдастырылады. Облыстағы жоғары және арнаулы оқу орындары мен жалпы орта білім беретін барлық мектепте, мектепке дейінгі мекемелерде тілдер күніне орай ашық сабақтар, сайыстар өткізіліп, кітапханаларда «Туған тілім – тірлігімнің айғағы», «Тіл – асыл қазына» тақырыбында онлайн кітап көрмелері ұсынылады.

Қызылорда қаласында «Тілім – тірегім, Қызылорда – жүрегім» атты облыстық жазба ақындар мүшәйрасы мен көркемсөз оқу шеберлерінің қалалық байқауы өтеді. Арал ауданында «Тіл – татулық пен достықтың тірегі» атты аудандық онлайн мүшәйрасы және «Ана тілім – мәңгілік бойтұмарым» байқауы, Қазалыда «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы» ғылыми-танымдық конференциясы мен «Туған тілім – мөлдіреген тұнығым» тақырыбында онлайн жыр кеші, Қармақшы ауданында «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» атты жазба ақындар мүшәйрасы ұйымдастырылады.

Жалағашта «Алаш зиялылары және қазақ тілі» тақырыбында «дөңгелек үстел», «Латын әліпбиі – ұлт болашағының негізі» онлайн конференциясы, Сырдария ауданында «Тіл – татулық тірегі» аудандық фестивалі, Шиелі ауданында «Тілім менің ғасырларға аманат» үздік мақалалар байқауы, Жаңақорғанда «Менің тілім – мәңгілік тіл» жазба ақындар мүшәйрасы және басқа да шаралар мерекелік күн мазмұнын байытпақ.

Жалпы, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру атаулы күн аясында ғана қалып қоймайтын үлкен құндылыққа ие.

**«СБ» ақпарат**

# Тіл – ұлттың жаны

«Тілдерді оқыту орталығы» КММ директорының орынбасары Айдана Маханбеттің айтуынша, 2021 жылға жоспарланған үш тіл бойынша оқыту курсымен қамтылатын тыңдаушы саны 2520 болса, соның 1421-і мемлекеттік тіл, ағылшын және орыс тілі курстарынан өтіпті. Олардың ішінде мемлекеттік қызметкерлер, бюджеттік сала және ерікті тыңдаушылар бар. Айталық, мемлекеттік тілдің курсынан 638, ағылшын тілінен 438, орыс тілі курсынан 300 адам өткен. Демек, мемлекеттік тілді үйренушілер қатарымен бірге шетел тілін меңгеруге деген сұраныс артып отыр. Жергілікті халықтың 97 проценті қазақ ұлтынан екенін ескерсек, біздегі өзге ұлт өкілдерінің өзі мемлекеттік тілде жап-жақсы сөйлейтінін күнде көз көріп жүр. Тағы деректерге жүгінейік. Мәселен, жыл басынан бері 33 өзге этнос өкілі мемлекеттік тілді меңгеруге ниетті болған. Мұнан өзге де жыл басынан өткізілген 77 іс-шараның ұйытқысы болған орталықтың әлі де атқарар міндеттері бар. Ол әрине, жыл сайын жалғасын таба бермек.

«Тіл туралы» Заңның 4-бабында: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп жазылған. Бұл ретте туған тілімізде сөйлеу ең әуелі ана сүтімен беріліп, оның іргетасы отбасы мен балабақшадан қаланатынын ескерсек, онан бері де тіл мамандарына артылар міндеттің салмағы басым.

Қызылорда қаласындағы С.Әлжіков атындағы №144 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Ләззат Есіркепова кешегі Президент Жолдауында тіл мәртебесіне байланысты айтылған мәселенің өзекті екенін жеткізеді.

– Мемлекет басшысы «қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ» деді. Бүгінде күнделікті іс-тәжірибеде көріп жүргеніміздей, қазақ тілі білім мен ғылымның тіліне айналуда. Ата Заң бойынша бір ғана мемлекеттік тіл бар және ол қазақ тілі екенін тағы бір шегелеп айтты. Бұл ана тіліміздің беделін арттырып, қолдану аясын одан әрі кеңейтетініне сенемін. Қазақ тілі – әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, көркем тілдердің бірі. Алайда, туған тілімізді шұбарлап сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Басқа халықты айтпағанда, өз ішіміздегі шала қазақтарды таза қазақ қылатын кез келді. Кейбіреулердің қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемеуі қынжылтады. Туған тілден безінген азаматтарды көргенде Паустовскийдің «Туған тіліне жаны ашымаған адам жәндік» – деп ашына айтқаны ойға оралады. Өкінішке орай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді әдетке айналдырған. Ата-ананы қалай қадірлесек, өз ана тілімізді де қастерлеуді, аялауды қолға алайық, – дейді ол.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл – отаншылдықтың басты белгісі» деген сөзі елін сүйетін, халқын құрметтейтін, ұлтын ұлықтайтын әрбір жанның есінде болуы тиіс. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп ақын жырлағандай, ең әуелі құрмет өз тілімізден бастау алса, құба-құп.

1-бет

«Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес.
Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы».

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауынан**

ПІКІР-ПАЙЫМ

# Өркениет өрісінің жаңа белестеріне бастамақ



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы елдің алдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарына арналды.

Мемлекет басшысы Жолдауда өткен отыз жыл ішінде «Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болдық. Еліміз тұрақты қоғам құрып, орнықты даму жолына түсті» дей келе, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тәуелсіз елімізді дамытудағы ерен еңбегін атап айтты.

Орталық Азияда көшбасшы болу, әлемдік экономикадағы орнымызды одан әрі нығайту ел дамуының басым бағыттары болып қала береді. Әлемді жайлаған пандемия кезінде қолға алынған байыпты шаралардың арқасында 150 мың жұмыс орны сақталып, бір миллионнан астам адам тұрғын үй жағдайын жақсартты. Іске қосылған қарапайым заттар экономикасы да аз уақытта өз өміршеңдігін көрсетіп отыр.

Жолдауда айтылған экономиканы барынша әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібі өнімінің экспортын арттыру, жерасты байлықтарының ресурстық әлеуетін толық Ашу сынды нақты қадамдар ел дамуына жаңа мүмкіндіктер әкелетіні сөзсіз.

Агроөнеркәсіп кешенінде қордаланған проблемалар өз алдына бір төбе. Бұл орайда, Президент әкімдердің мал шаруашылығын жайылыммен қамтамасыз ету, ветеринария саласын дамыту, қолайсыз ауа райының болуы мүмкін зардаптарының алдын алу, ауыл шаруашылығы нарығында баға белгілеу, аграрлық саясаттағы сабақтастықты жолға қою мәселелеріне тоқталып, нақты тапсырмалар берді.

IT саласында 4.0 элементтерін батыл ендіру, заманауи технологиялар трансферті, жас мамандарды көптеп даярлау, Орталық Азиядағы цифрлық хабқа айналу еліміздің цифрлық архитектурасын жедел өзгертетін болады.

Еліміздің басты байлығы – адам. Сондықтан, Жолдауда ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеу қажеттігі баса айтылды. Осы ретте, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру, биологиялық қауіпсіздік жүйесін құруға да ерекше көңіл бөлінді.

Білім және ғылым саласының адами капиталды дамытудағы орны қоғамға жақсы белгілі. Соңғы жылдары Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен бұл салаларда өршіл бастамалар қолға алынып, осының арқасында баршамыз бұрынсоңды болмаған сапалық өзгерістерге куә болудамыз. Осынау үрдісті жалғастыру аясында алдағы 3 жылда ұстаздардың еңбекақысын өсіруге 1,2 трлн теңге бөлінетіні барша зиялы қауымның көңіліне қуаныш ұялатты десек, артық айтпаймыз. Жолдау осындай көптің көңілінен шыққан білім бағдарламаларын тез өзгермелі заман талабымен үндестіру, оқытушы-педагогтардың кәсіби біліктілігін 5 жыл сайын емес, енді 3 жыл сайын көтеру, оқушылар арасындағы ғылыми жобалар конкурстары мен олимпиада жеңімпаздарын тәрбиелеген педагогтарды марапаттау сияқты бастамаларға толы.

Жолдауда айтылған жетекші ғалымдардың жалақысын базалық қаржыландыру арқылы төлеу, ғылыми ұйымдарды тікелей қаржыландыру, гранттық қаржыландыру бойынша ұтып алынған жобаларды орындау мерзімін 5 жылға ұзарту, Ұлттық ғылыми кеңестер шешіміне апелляция институтын енгізу сынды құндылығы жоғары бастамалардың отандық ғылымның серпінді дамуын қамтамасыз ететіні күмәнсіз.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздің сындарлы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары егжей-тегжейлі сараланып, оларға қол жеткізудің жаңа мазмұнды жолдары көрсетілген. Сын-тегеуріндерден әрдайым бір адым алға жүру қағидатына негізделген Жолдау елімізді өркениет өрісінің жаңа белестеріне бастамақ.

**Бейбітқүл КӘРІМОВА,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры**

# Салауатты өмір – дамуымыздың діңгегі



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты кезекті Жолдауын жариялады. Бала күнімнен спортпен айналысып, бүгінде ел намысын әлемдік додаларда қорғап келе жатқандықтан, мені спорт саласына қатысты мәселелер толғандырады. Президент Жолдауында егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, барлық салаға тың серпін беретін құжатта жаңа бастамалар көрініс тапты. Оның ішінде спорт саласына да ерекше көңіл бөлініп, өзекті ой-пікір білдірді.

Жалпы, спорт саласына жыл сайын мемлекет тарапынан қолдау артып келеді. Соның арқасында аудан мен шалғай елді мекендерде спорт кешендері ашылып, ел игілігіне берілуде. Спортқа бейім жастар қатары да артуда. Жолдауда Президент әлі де спорт саласына айрықша көңіл бөлініп, жағдай жасалу керектігіне тоқталды.

«Денсаулық кепілі – дене шынықтыру. Жұрттың және балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалуы қажет екенін тағы да қайталап айтамын. Облыс әкімдері спорт инфрақұрылымын біртіндеп салуды қамтамасыз етуге тиіс» – деді Мемлекет басшысы.

Өздеріңіз білесіздер жақында Токио Олимпиадасы өтті. Спортшылар барын салды. Бірақ нәтижеге көпшіліктің көңілі толмады. Еліміз жалпы қорытындыда төменгі сатыдан көрінді. Осыған орай Президент Жолдауда Токио Олимпиадасының қорытындысына байланысты спорттағы ахуалды бөлек кеңесте қарау қажеттігі туындап отырғанын да айтып өтті. Енді біздің мақсатымыз – елдің абыройын көтеретін әлемдік сайыстарда жеңіс тұғырынан көрінуге күш салу. Оған елімізде мүмкіндік мол. Облысымыздың өзінде бұқаралық спортты дамытудан бастап барлық жағдай қарастырылып отыр. Жыл сайын жаңа спорт ғимараттары, дене шынықтыру орындары салынуда.

Спорт – мәдениеттің үлкен үлгісі, денсаулық кепілі. Бұл жолда жұмыла, біріге түскеніміз абзал деп ойлаймын. Өйткені, салауатты өмір – елдің ертеңі, дамуымыздың діңгегі.

**Қамшыбек ҚОҢҚАБАЕВ,**
**Токио Олимпиадасының қола жүлдегері**

# IT: Бәсекеге қабілеттілік керек



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті Жолдауында ақпараттық технологияларды дамыту мәселесі орынды қозғалды.

Шынында, қазір әлемді алақанға сыйдырған технологияның өріс алғаны әрбіріміз үшін тиімді. Бәзбіреуге қаражат аудару керек болса, оның шотын білгеніңіз жеткілікті. Смартфонның бетін сипайсыз да төлемдердің түр-түрін жасай бересіз. Мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі артты, барлық бизнес-процестер оңтайландырылуда. Мәселен, «Smart Qyzylorda» мобильді қосымшасында «Тұрғын үйге кезек нөмірін іздеу» және «Жер кезегінің нөмірін тексеру» және басқа да сервистер қолжетімді. Елімізде цифрландыруға айрықша мән берілуде. Оның үстіне Президенттің «Қазақстан – Еуразияның басым бөлігі үшін орталық цифрлық хабқа айналуы тиіс» деген тапсырмасы жауапкершілікті еселеді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай цифрландыру жөніндегі жаңа ұлттық жобаның қолға алынуы дамуға бастары анық.

Алайда, әлемдік IT нарығына көшу әлі де білім мен білікті қажет етеді. Мемлекет басшысы бұл орайда «Цифрландыру» жобасы аясында 100 мың білікті IT маман даярлау керек. Ал, 2025 жылға дейін цифрлық саладағы қызмет көрсету мен тауар экспортын 500 миллион долларға жеткізу маңызды» деген тапсырма берді. Ол үшін әуелі ішкі нарықты реттеу маңызды. Ал, ішкі нарықты реттеудің жолы – білімді мамандардың санын арттыру. Бүгінде әрбір бесінші адам IT-ға қызығады. Бірақ, оны толығымен игеретіні аз. «IT маман қандай программалау тілін меңгергені маңызды емес. Ол музыкант секілді, бастысы есту қабілеті жақсы болса, кез келген музыкалық құралда ойнай алады» деген бар. Икемділік керек. Жалпы жастарға нарықта қандай талап қойылып жатыр, не нәрсеге сұраныс бар, соны зерттеген дұрыс. Елімізде IT компанияларының саны артып келеді, сәйкесінше соған байланысты мамандарға сұраныс жоғарылайды. Осыны басты нысанаға алып, жаңа дүниемен, технологиялармен танысатын кез жетті. Маман даярлауда білім беру ұйымдарымен, жергілікті IT-хабтармен тығыз байланыс орната отырып, білім алушылардың өндірістік практикасын сол орындарда өткізуіне күш салыну керек. Алда атқарар жұмыс көп. Бастысы, оған кешегі Президент Жолдауында пәрмен берілді, мұндағы нақты мақсат пен жүйелі жоспар нәтижеге бастайды деп білеміз.

**Сәбит ИБАДУЛЛА,**
**ақпараттық технологиялар орталығының директоры, PhD докторы**

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

**Биылдан бастап қазақстандықтар Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы салым мөлшері жеткілікті шектен асқан жағдайда оның бір бөлігін ала алады. Оның тәртібі қандай? Азаматтар біржолғы зейнетақы төлемдерін қандай мақсатқа пайдалануда? Осы және өзге де салымшыларды толғандырған сауалдар аясында Қызылорда облыстық «БЖЗҚ» АҚ филиал директоры Арнұр Құрманғалимен сұхбаттастық.**

# Салымшының сенімі ақталғаны игі



***– Арнұр Дәденұлы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауында негізгі бес бастаманың бірі ретінде зейнетақы қорындағы жинақтың алуға болатын бөлігін «Отбасы банктегі» есепшотқа аударып, сол арқылы баспана сатып алуға рұқсат беру керек деп атап көрсетті. Президент бұл қаржыны дұрыс жинап, сауатты пайдалану дағдысына үйретеді деді. Сіздің пікіріңіз?***

– Мемлекет басшысы атап өткендей, бағдарламада негізгі 4 басымдық бар. Бірінші – әр азаматқа өз әлеуетін жүзеге асыру үшін тең мүмкіндік беру. Әлеуметтік-экономикалық саясатта нарық тәсілдері басшылыққа алынады. Қаржыны және жәрдемақыны негізсіз, оңды-солды таратуды доғару қажет. Мемлекет атаулы көмекті, шын мәнінде, мұқтаж адамдарға беру керек. Ең бастысы – әлеуметтік әділдік. Сол себепті Президент мұқтаж жандарға қамқорлық жасауға баса мән берілетінін айтты.

Әлеуметтік саясатты жүргізгенде қиындыққа тап болған азаматтарға атаулы көмек көрсету шаралары күшейтіледі. Алдағы 5 жыл ішінде әлеуметтік төлемдерді жыл сайын индекстеу үшін 3 трлн теңгеден астам қаражат бөлінеді. Ортақ зейнетақы мөлшері де жыл сайын индекстелетін болады. Бұл ретте мұны инфляция деңгейіне 2 процент қосып жүзеге асыру ұсынылып отыр.

Президент зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын шешіп алу бастамасы оң нәтиже бергенін атап өтті. Бұл үрдісті қолдау үшін жеткіліктілік шегінен асатын зейнетақы жинағының бір бөлігін болашақта баспана сатып алу үшін «Отбасы банк» шотына аударуға рұқсат беру қажет деп санайтынын жеткізді. Сонымен қатар, «Баспана хит» және «7-20-25» тұрғын үй бағдарламаларының мерзімі аяқталатынын мәлімдеді. Нарықтық ипотека ставкасы әлі де жоғары және жұрттың бәріне бірдей қолжетімді емес. Осыған орай бірыңғай тұрғын үй бағдарламасы әзірленеді. Ұлттық даму институтына айналатын «Отбасы банкі» оның әкімшісі болып белгіленеді. Банк алдында «бір терезе» қағидаты бойынша есеп жүргізіп, азаматтарға тұрғын үй бөлу міндеті тұр.

***– Кейбір әлеуметтік желілерде зейнетақы жинағы есебінен автокөлік сатып алуға болатыны туралы хабарламалар тарап жатыр, бұл рас па?***

– Зейнетақы жинағы автокөлік сатып алуға немесе тұтынушылық несие төлеуге жұмсалмайды. Тек заңнамада белгіленген мақсаттар мен тәртіпте пайдаланылуы мүмкін. Атап айтсақ, азаматтардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кірмейтін емделуге, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға ақы төлеуге, жеке басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беру үшін пайдалануға құқығы бар.

Міндетті зейнетақы немесе міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар адамдар жинағының бір бөлігін өзінің, жұбайының, жақын туыстарының тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында, өздері немесе жұбайы, жақын туыстары үшін емдеу ақысын төлеу үшін пайдалану құқығын қолдана алады.

Ол үшін зейнетақы жинақтарының сомасы белгіленген ең аз жеткіліктілік шегінен асып түсуі керек. Зейнетақы мөлшері алушының ҚР Үкіметі айқындаған тәртіппен белгіленетін 40 проценттен төмен емес деңгейдегі орташа айлық табысын алмастыру коэффициентін қамтамасыз ете алуы керек. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті оператордан бастапқы электрондық хабарламаны алған күнге салымшының МЗЖ және МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары мөлшерінің 50 проценттен аспауға тиіс.

Жинағының бір бөлігін алу құқығын сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқандар да қолдана алады. Ол үшін біржолғы зейнетақы төлемі салымшының жеке зейнетақы шотындағы МЗЖ және МКЗЖ есебінен жинақталған зейнетақы жинағының мөлшерінен аспауы қажет.

***– Мемлекет басшысының азаматтарға зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, емделуге немесе жеке қаржы компанияларына басқару үшін бөлуге мүмкіндік беру тапсырмасы өңірде қалай орындалуда?***

– 22 тамыздағы жағдай бойынша Қызылорда облысында БЖЗҚ салымшыларының тұрғын үй жағдайларын жақсарту мен емделулері үшін зейнетақы жинақтарын пайдалану туралы 16166 өтініш қаралды. Тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін облыс бойынша БЖЗҚ шамамен 10816 өтінішті орындай отырып, 34 млрд теңгені салымшылардың арнайы шоттарына аударды.

Орындалған өтініштердің басым бөлігі «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ арқылы берілген. Естеріңізге сала кетейік, «Отбасы банкі» уәкілетті операторында ашылған арнайы шотқа біржолғы зейнетақы төлемі түскеннен кейін, алушы уәкілетті операторға біржолғы зейнетақының тағайындалған мақсатын растайтын құжаттарды төлемдер түскен күннен бастап 45 жұмыс күні ішінде ұсынады. Белгіленген мерзімде уәкілетті операторға растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда, бұл қаражат БЖЗҚ-ға қайтарылуға жатады. Сонымен қатар, зейнетақы жинақтарын пайдалану кезінде азаматтар уәкілетті операторлар арқылы жылжымайтын мүлікті тіркеу кезінде өтініште көрсетілген мақсатты өзгертуге құқылы.

Салымшы аударылған соманы БЖЗҚ-ға көрсетілген мерзімді күтпей-ақ, «Отбасы Банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ға өтінім беру арқылы қайтара алады. Оны банк алушыдан қайтару туралы өтініш алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде орындауы керек.

***– Орындалған өтініштерде зейнетақы жинақтарын пайдаланудың қандай мақсаттары көрсетілген?***

– Азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша тұрғын үйді жеке меншікке сатып алуға, жеке тұрғын үй құрылысына, жер учаскесін сатып алуға, ипотекалық тұрғын үй заемын алу үшін бастапқы төлем жасауға, ипотекалық несиені қайта қаржыландыруға және т.б. өтініштер. Сондай-ақ, Қызылорда облысы бойынша БЖЗҚ емделу мақсаттары үшін жалпы сомасы 997 млн теңгеге 1191 өтінімді орындады. Біржолғы зейнетақы төлемдерін емдеу үшін пайдалану жөніндегі уәкілетті оператор – «Отбасы Банкі». Егер алушы БЖТ мақсатты пайдалануды растайтын құжаттарды 45 күн ішінде ұсынбаған болса, олар уәкілетті оператордың арнайы шотынан салымшының жеке зейнетақы шотына кері қайтарылады.

***– Қазір зейнетақы шотын ашу үшін қандай құжаттар ұсыну керек? Шотты жұмыс беруші аша ала ма?***

– 2019 жылдан бастап міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін БЖЗҚ-да жеке зейнетақы шотын ашу автоматты түрде жүзеге асады. Сәйкесінше, жеке тұлғалардың шот ашу үшін өтініш беруі қажет емес. Егер шот жоқ болса, ол БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде бірінші жарна түскеннен кейін автоматты түрде ашылады. Жеке тұлға зейнетақы жарнасын аудару кезінде төлем тапсырмасының электронды форматында көрсетілген дербес деректермен сәйкестендіріледі және құжаттың деректемелері мен басқа да мәліметтері туралы барлық қажетті ақпаратты БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады.

***– БЖЗҚ-дағы ақшаның инвестициялануы туралы айтсаңыз. Қазіргі табыстылығы қандай?***

– Зейнетақы жинақтары үздіксіз инвестицияланады және салымшыға жұмыс істейді. Биыл бірінші жартыжылдықта БЖЗҚ салымшыларының шоттарына 753,3 млрд теңге таза инвестициялық кіріс қосылды. Бұл өткен жылдағы көрсеткіштен 210 млрд теңгеге немесе 39%-ке көп. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруындағы зейнетақы активтерінің табыстылығы жыл басынан бері 6,1%-ті құрады, ал инфляция 4,6% болды. Осы ретте соңғы 12 айдағы табыстылық 12,1%-ке жетсе, инфляция 7,9%-ті көрсетті.

Салымшылардың зейнетақы жинақтарының мөлшері зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижелеріне сәйкес апта сайын қайта есептеледі және қайта бағаланады. Инвестициялық кіріске бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі кірістер – депозиттер және басқа операциялар, қаржы құралдарын нарықтық қайта бағалау түріндегі, валюталық қайта бағалау түріндегі, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер және басқалар жатады.

ҚР Ұлттық Банкінің, инвестициялық портфельді басқарушылардың зейнетақы активтерін инвестициялауы туралы толық ақпарат пен 2021 жылдың 1 шілдесіне дейінгі инвестициялық қызметке шолу enpf.kz сайтында орналастырылған.

Жалпы, БЖЗҚ-дағы барлық зейнетақы активтері шоғырландырылғаннан бері Ұлттық банк ұсынған инвестициялық кіріс 5,4 триллион теңгеден асты. 2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы көлеміндегі таза инвестициялық кірістің үлесі 36,3%-ті құрады.

Ұлттық Банктен басқа, БЖЗҚ салымшыларына өз жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушы компанияларға аударуға болады. Қазіргі уақытта БЖЗҚ төрт инвестициялық портфельді басқарушы компаниямен зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқару туралы келісім жасасты. БЖЗҚ сайтында олар туралы ақпаратпен танысып, инвестициялық декларациясын зерттей аласыз.

22 тамыздағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыға аудару туралы өтініштерінің саны мен сомасына тоқталатын болсақ, Қызылорда облысы бойынша БЖЗҚ-ға 50 өтініш түскен. Оның ішінде қабылдаудан бас тартылғаны – 9, өңдеуге қабылданғаны – 2. Барлығы 39 өтініш бойынша 43 млн теңгенің төлемдері арнайы шотқа аударылды.

***– Егер адам зейнет жасына жетпей қайтыс болып кетсе, оның зейнетақы жинағы не болады? Жерлеу төлемі бар ма, әлде барлық ақша бюджетке түсе ме?***

– Зейнетақы жинағы – салымшының меншігі. Салымшы немесе алушы, сондай-ақ, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар зейнет жасына толмаған адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасына немесе жерлеуді ұйымдастырған тұлғаға БЖЗҚ-дан республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 52,4 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеу үшін біржолғы төлем төленеді. Бірақ ол шоттағы қаражаттан аспайды. Егер алушының жерлеуге біржолғы төлем жасағаннан кейін, зейнетақы жинағының қалдығы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құрайтын жағдайда қалдық сома жерлеуге төлем ретінде төленеді.

Сонымен қатар, міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның жинағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мұрагерлік тәртіппен беріледі.

Сұхбаттасқан
**Биболат СӘТЖАН,**
**«Сыр бойы»**




## ӘКЕ БАТАСЫ

Қос аққу қалықтап келе жатқанда, аналығы мергеннің оғына ұшты. Құса болған серігі барынша аспандап қанатын жинады, тастай құлап мерт болады. Аңыз солай. Адам баласы көнбістеу. «Алла салды, мен көндім» дейді. Ер кісінің жалғыз-ілікті өмірге шыдамдылығы нашар ма, қалай, олар Ұлы Құдіреттен қосағынан бұрын шақырғанын қалайды екен. Осы ақсақал да соны тілеген. Бірақ, кемпірінің о дүниелік болғанына екі-үш жыл болды.

Үлкен ұлының қолында. Ол ауылдың белді маманы. Келіннің де әжептәуір қызметі бар. Кіші ұлының үйленгені кеше. Ауыл шетінде шағын үйде тұрып жатыр. Жас келін жұмыссыз.

Жақында үлкен келіннің көрші ауданда тұратын бауыры келген. Ол кезде қыдырған жұрт қолына түскенін алып баратын. Әлсізі бір қалта күріш, құрт ұстайды. Болмаса бір орам қақ, бір сөмке қауынқұрт іледі. Күйлісі ешкі-лақ сойып алады. Мықтысы семіз қой бөктереді. Қыс ортасында сыйлы үйге бір қарын сары май түсетіні де бар. Бұл жолы ақсақал үйіне сүрленген семіз қойдың еті келді.

Әке әулеттің қамқоршысы. Ананың орнына да жүреді қазір. Екі үйдің де қамын жейді, жақсы болғанын қалайды. Дегенмен, жақында ғана бөлек шығып отау тіккен кіші баланың ішіп-жемі, әрине, шамалы. Осыны әке біледі. Көмектескісі келеді. Бірақ қауқары шамалы. Орайы енді келгендей. Бір-екі күн болып құда жігіт келіншегімен ауылдарына бет алды.

Ертесіне әке кіші баланың үйіне келді. Келін үйде, ұл жұмыста. Шай ішті. Кетерінде: «Балам, ертең үйге келе ғой. Әнеугүні қонақ келген. Семіз қойдың еті бар. Содан келін сендерге сыбаға берер», –- деді.

Атасымен келіскен кіші келін түс ауа үлкен үйге кірді. Демалыс күні еді. Шай ішілді. Үлкен келін сөз арасында: «Жақында інім келіп кетті, қолдарында арық тоқтының еті, оны неге әкелгенін?..» деп, өз бауырын жамандап та алды. Кіші келін кетуге ыңғайланды. Абысыны отырған орнынан қозғалмады. Далаға шықты. Атасы есік алдында жүр екен. Сұрау салған көзімен қарады. Келіні басын шайқады, үйіне бет бұрды. Тілеуқор әке артында мұңайып қала берді.

Адуынды келін мен тік мінезді ұл әке қолын байлады. Бірнәрсе дегісі келгенмен, ұрпақтарының бірлігін ойлап, өзін-өзі тежейді. Баяғы қуат пен қарқын қайда?! Ертең артында қалған балаларының, ұрпағының қамын күйттейді көпті көрген ақсақал. Содан да мол шыдамға бекіген, бәріне көнген. Бірақ, көңілі енжар. Ілкіде, түсінде кемпірімен жолықты. «Менсіз көндіге алмай жүрсің бе!.. Балаларға тиіспе! Олардың көңілдеріне қаяу түсірме!», – дегендей еді.

Бұл жалғаннан бұрын көшкеніне өкінеді. Ол болғанда сөзін өткізіп, кіші балаға бір асым ет бергізер еді. Үлкен келінге қатты айтып, кіші баласының үйіне сыбаға әперуге шамасы бар әкенің, әрине. Бірақ, ол ертеңгісін ойлайды. Өзінің емес, балаларының. Мен кетемін... Артымда ұрпағым қалады. Олар тату өмір сүруі керек. Бүгін ашу шақырып, әулетімнің тыныштығын бұзғаным, балаларымның ертеңгі ара-қатысына көлеңке түсіргенім болар деп, әке өзін тоқтатты.

Әке өзіне де риза емес, кемпіріне де өкпелі. «Баланы бастан» дегендей, үлкен ұл мен келінді ертеден соңындағы жеткіншектеріне жылы мейіріммен қарым-қатынас жасауды баулымағанына өкінді қарт. Енді амал жоқ. Бұйырғаны болады.

Ертесіне кіші баланың үйіне келді. Төрге шықты. Үйде келіні жалғыз екен. «Балам, қолыңды жай!», – деді. Келін тұрған бойы бата тіледі. «Айналайын, сендерге Жаратқан Ие мол несібе берсін. Адамның бергені түк емес, өйткені оның сұрауы бар» деді де, атына мініп жүре берді.

## КЕҢШІЛІК пен ШІЛІК

Мамыражай уақытта Кеңшілік пен Шілік дос болды. Жайлы өмір сүрді. Артынан заман өзгерді. Шіліктің күні туды. Кеңшілік қыспаққа қашан көнген, игілікті іс атқармай отырсын ба?.. Ақыры жұртқа қажетті ойлап тапты. Мұны өзгемен ақылдасу керек. Шілікке келді.

– Осыған қалай қарайсың? Бұны көпшілікке ұсынбақшымын, – деді ол.

Шілік досын асықпай тыңдады. Шынында, бұл ұсыныста көпке қажет болар жол мен әдіс жатқанын байқады. Бірақ, бойына туа бітті сіңген әдеттен арыла алмады. Ішінен: «Сен кім едің, мұндай ұсыныс беретін, мен тұрғанда?!», – деп, жақтырмай салқын көзбен қарады. Іле-шала:

– Ісің күмәнді. Шикі. Жұртқа беруге жарамайды! – деп, кесіп тастады.

Кеңшіліктің салы суға кетті. Көңілі түсіңкі. Қайтсін, ұнатпаса да, досына мүлдем сеніп тұр.

Біраз уақыт сырғыды. Кеңшілік тағы келді Шілікке. Бос келген жоқ. Барын ақтарды. Ол тыңдап болып көп ойланды. Кеңшілік те ой үстінде. Шілікке іштей риза. Өйткені, досының қатты ойланғанын көріп отыр. Ұзақ ойдан игілік күтуде. Ал, Шіліктің ішкі есебі бар. Бекер мол ойланған жоқ. Ол досын тағы мұқатып, ісінің бәсін қасақана кемітіп, аласартуға жол іздеп отыр.

– Ұсынысыңды талдап, ойландым. Үстірттеу. Құбылыстың түпкі мағынасына жетпепсің. Мәселені шала түсінесің, білмейсің!.. Сондықтан, мұны қой, өзге шаруа істе! – деді Шілік.

Кеңшілік алды-артына қарамай ұзай берді. Досына өкпелі. Көп уақытын осы іске беріп еді. Енді ол босқа кетті.

Бүгін Шілік келді Кеңшілікке. Түп мақсаты досын сөзге тарту. Өйткені Кеңшіліктің өкпелі екенін сезеді. Өзінің де реніші жоқ емес азды-көпті. Мұны қанағаттандырмайтын мәселе бар. Ол Кеңшіліктің шектен шыққан сабырлығы мен сыпайылығы. Сөз арасында ұсынысын көрсетті. Кеңшілік кемшілігін байқады, және мұның бұрынғы ұсынысына шамалы ұқсай ма, қалай?.. Сонда да, ол өзінің үйреншікті әдетіне салып, досын демеді, қолдады. Көңілін қимады.

– Жақсы екен. Көпшілікке ұсынуға тұрарлық. Құптарлық. Шамалы олқылықтары бар. Бірақ, олар істің мән-мағынасын төмендетпейді! – деді ол.

Досы мұның оған бұрын істегенін осы жолы еселеп қайтарар деп еді, бірақ, ойлағаны болмады. Шіліктің ішкі ұстанымына тіпті сәйкес емес мінез көрсетті тағы Кеңшілік! Бұған енді қалай көнерсің!.. Күтпеген жағдай! Ерін бауырына алып, бас салып тулады.

– Мені мазақ еткің келеді, ә?!.. Бұл, не қылған мүсіркеушілік?!.. Неге ойында тұрған шындықты ақтарып шашпайсың!.. Саған бұрын істегенімді өзіме неге қайтармайсың, пәтшағар?!..

Кеңшілік аң-таң. Түкке түсінер емес. Мұндайды ол бұрын-соңды көрмеген ғой.

– Е е, не болды, абыржитын соншама? Менің айыбым не?..

– Сенің айыбың зор! Қарай гөр білмегенсуін?.. Не ойлап тұрғаныңды білмей-тұғын мен емес!.. Мені алдап, арбап, қораңа түсіргің келеді ғой!.. Олай бола қоймас!..

– Астапыралла!.. Сен алжасып тұрсың, Шілік!.. Саған не көрінген бүгін?.. Мұндай да болады екен-ау!.. Тапа тал түсте, айдың, күннің аманында, бостан-бос, көзіңді бақырайта жала жапқанды бірінші көруім!.. Мұның бәрін теріп, неге тәптіштеп, қосақтап жатсың?.. Саған бөтен бір сөз айттым ба?.. Бос, қысыр әңгімені сен осы қайдан тауып аласың?!..

– Еш бос әңгіме жоқ мұнда!.. Атыңа сай болғың келіп, айналаңа ақ пейіл танытып, кең пиғылды істер атқаруға ылғи тырысасың. Содан сен не таптың?!.. Тапқаның шамалы!.. Өйткені, сен азсың, ал біз көппіз. Сенің қолдаушың кем. Көп жеңеді! Ия, дәл солай!.. Көнсең де, көнбесең де!.. Жеме-жемге келгенде көпшілік сені емес мені қолдайды, менің жағыма шығады.

– Бәрібір, атқарған істерімді жоққа шығара алмайсың!.. Жұрт мені бүгін болмаса ертең түсінеді, қолдайды, ереді!..

– Сенің сөзің мен ісің кімге дәрі, Кеңшілік!.. Кейде аспаннан түскендей көрінесің! Жұрт сыртыңнан сықылықтап күлетінін білемісің?!.. Сенің ісің мен сөзің құдды әпендінікі... Қазір үлкені бол, кішісі бол, мықтысы бол, осалы бол, көпшілігінде ойлайтыны өз қамы. Сөздері, сырт қарағанда, сенікі сияқты жақсы, әрине. Бірақ, істері берекесіз. Осыны сен білмейсің, ә?!.. Білсең де білмегенсисің!.. Онда сен, барып тұрған екіжүздісің!.. Сонда сенің менен қай жерің артық! Артық емес, пәссің, төменсің!..

– Көп айтып, біраз сыр ақтардың-ау, Шілік! Артық сілтеп жатсың, досым. Ретсіз шүйілгіп жатсың! Бүгін маған тиісуді мақсат еткен боларсың. Осы сен, менен қандай жапа шектің?!.. Менен қорлық көріп жүргендей сөйлейсің!.. Бәленің бәрі қайдан шығып жатыр?..

– Кеңшілік, саған дауа жоқ!.. Осы бағытыңнан тайма! Сен, адамға өздігіңнен бір ұрынбайсың ғой!.. Сен ешуақытта қатты сөйлемейсің, сыр бермейсің, өйткені, бір бума сырың сенің ішіңде жатыр қозғалмай бұғып. Соным дұрыс дейсің. Бірақ, дұрысы шамалы. Іште жатқан сыр далаға шығуы тиіс. Сонда ол бүлініп бұзылмайды, сонда оның жұртқа пайдасы тиеді. Сен өзге үшін мол еңбек жасағандай көресің өзіңді. Жо-оқ, олай емес!.. Сенің де алдымен ойлағаның өз қамың!.. Әбден сараптап, барынша талдап сөйлеген сөзіңнен жұртқа пайда жоқ. Сырыңды ашуың керек. Олар сені сонда ғана түсінеді, бағалайды! Көрдің бе?.. Ал, сенікі болса «ішімдегіні тауып ал»... Мүлде дұрыс емес!

– Шілік, сенің көзіңе не көрінді қазір? Бұл не сұмдық?!.. Жоқтан өзгені былжыратып, сандырақтап, шатастырып!..

– Сен, бұраландама!.. Жаңа айттым ғой, жұрт саған емес, маған ереді. Өйткені, сенің айтқаның оларға түсініксіз. Ал, менің сөзімді бірден қағып алады. Менің өсек-аяңыма олар со бойы еліктейді. Себебі, біз о бастан бос сөз-өсекке біртабан жақынбыз!.. Содан рақат табамыз. Бізге осы жеңіл. Соған үйренгенбіз. Сенің ұзақ мылжыңыңды қайтсін?!.. Басын қатырғысы келмейді. Мен мұны баяғыдан білем. Соны пайдаланам. Ия, дәл солай!

– Өте жақсы. Тайма ендеше, осыныңды қолдана бер. Кім саған кедергі жасар екен?..

– Сенің сыпайылығыңнан-ақ күйдім осы!.. Ашуың келіп, тіке айтып салғың келіп тұрғанмен, мұны ренжітіп алармын. Басыма бәле болып жабысар, сылап-сипап қоя салайын, мәселені ушықтырмай, дейсің сен ылғи да ішіңнен. Қазір де сондайсың. Шыныңды айтшы, бүгінге дейін сен бір адамға көз алартып көрдің бе?.. Әй, қайдам, бұл сенің қолыңнан келер іс емес. Оған тәрбиең жібермейді. Міне, сенің болмысың осы!.. Ендеше, өмірің босқа өтіп жатыр!.. Мен осыны күнде істемесем көңілім көншімейді. Менің айқайым, өзгенің бетіне кемшілігін айтқаным адамға керек тәрбие!.. Алғашқыда шатасып-жұлысамын, сосын келісемін, достасамын! Нағыз өмір сол. Сонда жұртқа қажетсің, керексің!.. Әйтпесе, құр босқа жүргенің. Өтірік десең айт қазір көзіме, алдыңда тұрғанда. Осынымды бекерге шығарып көрші, мықты болсаң!..

– Айтуға оңай!.. Өмір қалтарысын ойынға айналдырғың келеді! Жеңіл қарайсың!.. Таязсың! Бүрсізсің сен!.. Ия-я, сен, өте кеш туған адамсың!.. Кемінде осыдан жүз жыл бұрын дүниеге келгеніңде, қолына найза мен айбалта ұстаған азаматтардың арасында айқасып, біраз жақсы іс тындырған болар едің. Бірақ, сол кездердегі адам қазір жоқ. Бәрі оқыған, білімді. Сенің анда-санда жұдырықтасып қаламын деуің сорақы тағылық! Уақыттың қиындығына әзер шыдап жүргендерді сен жұдырықтағың келеді. Бұл барып тұрған есерлік! Сені қайдам, мен жұрттың нағыз бірлігін қалаймын, адамдардың бауырластығын армандаймын. Қазір жұдырықтың заманы емес, салмақты ақыл-сананың уақыты. Мен не айтсамда осыны көздеп жүремін ылғи!

– Дұрыс-ақ. Білер болсаң, мен де соны қалаймын. Бірақ, соған жету үшін мен өзге жолмен жүремін.

– Ия, ол қандай жол?

– Сенікінен өзгеше. Сен, тыныштықты қолдайсың, адамдардың бір-бірімен шатаспай тіл табысуын таңдайсың. Бірақ, сен ұстанған жол қиын да ұзақ. Өйткені, адамдардың баршасы тең емес, сенің көп сөзіңді бірден ұғатын. Мен адамдардың бірімен бірінің ашық-бүкпесіз сөйлескенін қалаймын. Сен сияқты көп сөзге бой ұрмаймын! Мойындаймын, әрине, кейде азаматтар бір-бірін оң түсінбей шатасып, жұдырықтасып қалуы да мүмкін. Бірақ, сен, «Ер шекіспей, бекіспейді» дегенді білетін шығарсың?..

– Ал, мен бейбіт күн келісімді қолдаймын, осыған бар күшімді саламын. Азамат оң шешімге өзінің терең ой-санасымен келуі тиіс. Сонда ғана нәтиже толық, бекем, құтты және ұзақ болады. Жұдырық арқылы келген игіліктің өмірі қысқа, тамыры таяз.

– Онда, бүгін арамыздың ашылғаны да!.. Достығымыздың соңы осы болар!

– Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін көрерміз. Аман болайық!

## ТҰҚЫМЫҢ ЖАЙЫЛҒЫР

Соғыстан кейінгі жылдар. Ел жағдайы мақтанарлық емес. Күнкөріс орташа. Нан бар, май анда-санда. Шай ішкенде анамыз қантты қалтадан өз қолымен алып, бір-бір түйірден қояды алдымызға. Сосын төсек жиналған жүктің арасына, ең соңғы биік жатқан көрпенің астына жасырады. Біз көріп отырамыз. Кейде анамыз сыртта жүргенде қолымызды созып, қалтаны суырып, бір-екі түйірін аузымызға салып, ынтығымызды басамыз.

Көл мен өзек аралығындағы өрде жайғасқан оншақты түтінді шағын ауыл. Көл айдыны ап-анық, жақын. Бәрі көрінеді, өйткені, биік қырат үстіндеміз. Үйрек ұшып, қаз қонады. Олар су бетіндегі шалауды ұрттарынан тынымсыз өткізіп қорек іздеуде. Шет жағында сырықтай аяғына сеніп құтандар тұр шабақ аңдыған. Жағалауда балықшы ағамыз қайық табанындағы сары сазандарды қапқа салып жатыр.

Кешқұрым барлық бала ауыл шетіндегі алаңқайда бас қосамыз. Доп-таяқ қуамыз, лапта ойнаймыз. Ойын қызығына беріліп, кейде аналарымыздың күнделікті тапсырмаларын естен шығарып, өрістен сиыр келер алдында бір сәт бұрын бұзауларды шағын бастырмаларына қамауды ұмытып, үлкен айқайға ұшыраймыз. Бұзаулар аналарына көл жағасында кез болып, бірге келсе жағдайымыз тіпті мүшкіл. Сол күні бұзаулардың қарны тоқ, есесіне біздің қарнымыз бос. Санамыз пәс, кейіс қабағындамыз.

– «Қағынды келгір, сүт ішкенді жақсы көресің, бұзауды неге уақытылы байламадың» деп, бір ана бастайды.

– «Ойының осылғыр неме», деп екінші шешеміз қостайды.

Үй алдындағы кепкен жыңғыл мен қарабаракты майдалап бұтап қоймаса жер ошаққа, қазан астына сыймайды. Осы іс тағы біздің үлесімізде. Жаңа ғана сауып әкелген сүтті дәке сүзгіштен өткізе қазанға құйып, енді астына от тұтатпақшы болған ана тағы бажылдайды.

– Жыңғылды бұтап неге қоймаған әлгі жүгермек келгір неме!..

Бұған ауылдың қарсы бетіндегі үйдің көлеңкесінде шай ішіп отырған кемпірдің ащы дауысы қосыла тып-тыныш кешті шулатты.

– «Мына қарасан келгірді әрі айдасаңдаршы, үй маңын шаңдатқызбай! Қайда жүр апақ-сапақта осы үйдің жүгермегі? – деп, айналаны басына көтерді ол.

Әнеугүні әжем көрші қатынға шүйілікті. Бұл ауыл сиыр сауарда алдына жаңа орылған көк құрақты салып қоятын әдеті бар. Сонда, әсіресе қытығы басылмаған жас қашарлар желінін тартып жатқанда тыпыршымай алаңсыз тұрады. Көрші үйдің он жасар ұлы мана орақ алып төменде жатқан көл жағасына кеткеннен әлі жоқ. Көрші қатын ернеуіне сиырдың жарылған емшегіне жағатын бір ілім сары май жағылған шелегін алып дайынақ отыр тыпыршып. Құрақ әкелетін бала әлі көрінбейді. Бір уақта әйтеуір көрінді. Сол-ақ екен ашулы қатын долданып шыға келді.

– Жүгермек келгір, қара басып қайда қаңғырып жүрсің манадан бері. Көгермей, көктей солғыр неме, сүт ішкенде бөледейсің. Қата қалғыр неме, мына сиырдың иі қайтып кететін болды, енді қайтейін, – деп, ауылды басына көтерді.

Сол қатынның сорына қарай әжем үй көлеңкесінде ыстық шайды сораптап отырған. Құлағы ауыр болса да қатынның ащы дауысы әжем құлағына сап ете қалды. Жаңағы сөздерді естігенде ол кісінің түрі бұзылып кетті. Қолындағы кесені жәймен дастарқан үстіне қойды. Басын қақсаған қатын жаққа бұрды.

– Әй, көксоққан! Не деп оттайсың сен екі кештің арасында? Соншама нең күйіп, нең өшіп қалып еді сенің?.. Қаршадай балаға ауыр қарғыс айтатындай?.. Болмаса ол өгей балаң ба еді?.. Жоқ, ол баланы өзің таптың сен. Өгей болғанда да солай қарғауға бола ма?.. Алладан неге қорықпайсың, кісәпір пенде?!.. Неге ауыр асылыққа барасың, сен! Сенің жаман қарғысың иығында тұрған періштенің құлағына шалынып, Құдайдың назарына іліксе қайтесің!.. Әлде, сені біз көрмеген албасты басып тұр ма, ә-ә?!.. Жақсы сөз жарым ырыс. Тез Алладан кешірім сұра, антұрған!..

Осыдан соң сол қатын жым болды, аузын ашпады, тәубесіне келді. Ауылдың өзге де былапыт ауызды қатындарына да әжемнің осы сөздері мол сабақ болғанға ұқсайды. Өйткені, бұдан кейін шабаландаған дауыстар ауылда аз естілетін болды.

Күн бата көрші әйел біздің үйге келіп, әжемнің жанында біраз отырды сөйлесіп. Бір қарасам жылап отыр екен. Аяп кеттім. Сол үй отағасы соғыстан оралмаған. Шиттей бала-шаға осы кісінің қарауында. Әлде, ол мана баласын емес, отбасын осындай қиын жағдайға жеткізген заманды, соған кінәлі адамдарды қарғады ма екен?..

Ашу шақырмайтын тек біздің үлкен әжеміз. Біз де қайбір тілалғыш едік, анда-санда қаһарына ілігіп қаламыз. Сол кезде үлкен ана: «Оу, тұқымың жайылғыр-ай! Неге айтқанды тез орындамайсың», – деп ренжитін. Енді біліп жатырмыз ғой, ол ананың көрер көзге шамалы реніші байқалғанымен, зілі мүлде жоқ, қайта біздің болашағымызға деген ақ пейілін аңғартатын мол тілегі мен мейірі бар болған екен-ау, жарықтық!..

## ЕКІ БЕЛЕСЕПЕДШІ

Қос белесепедші жолыға кетті. Жастары шамалас, қырықтың қырқасынан аспаған. Жөн сұрасты. Екеуі де осы көлікті таңдапты. Тек, біреуі ылди мен ыққа сырғиды, екіншісі қыр мен өрге ынтық. Әрдайым солай. Қатар жүрмейді, үнемі қарсы ұшырасады.

– Хал-жайың қалай? – деді жел өтіне қарағаны.

– Несін айтасың!.. Өте жақсы. Көлігім өзі-ақ зырғиды, – деді екіншісі.

Біраз уақыт өтті. Тағы сол жерде кезікті олар.

– Жағдайың жақсы ма? – деді ыққа ығатын азамат.

– Жаман емес. Алдымнан ылғи таза ауа кезігеді. Содан рақаттана дем алам.

– Апырай-ә!.. Ендеше, мен тымырсық ауаны жұтамын. Соған түсінбей-ақ қойдым!..

Көптен соң және ұшырасып қалды.

– Ахуалың қалай? – деді биікке ұмтылушы.

– Көріп тұрсың ғой!.. Мәз емес. Неге солай екенін білмеймін. Өзімді қинамай-ақ жүрім. Жердің де, адамның да ығын есемін. Жағаласпаймын. Жүйкемді сақтаймын, қорғаймын. Өзің қалайсың?!

– Аллаға шүкір. Жақыным, әріптестеріммен қатысым оңды. Қажет болса ортақ істің, жеке мүддемнің ұпайын арашалауға дайынмын. Есемді бермеймін.

Уақыт өте берді. Белесепедшілер зейнет жасына тақапты. Тағы сол маңда кез болды уағдаласқандай.

– Халың қалай? – деді еңіске құмары.

– Тәубе Аллаға. Бөтен емеспін, белесепедіме де ризамын, – деді жел өтіне үйірі.

– Ендеше, менің жағдайым мүшкіл!..

– Е-е, не боп қалды соншама?!..

– Болғаны сол, жүрегім соғады, халім мақтанарлық емес. Белесепедіме наразымын. Бар бәле осыдан-ау!.. Әнеугүні бұрынғы досым: «Сенің барың не, жоғың не?!.. Дұшпаның да, досың да жоқ», – деді.

## ТҮС

Қазақ ат қойғыш. Бұл туған түн аса қараңғы болыпты. Адам түртсе көргісіз. Қап-қара түнек. Осы естерінде болды ма, ата-анасы оның атын Сәулебек қойыпты. Мүмкін ұлына мол үміт артып, өмір қиындығынан қорғап сақтар сәулелі, мейірлі азамат болсын деп тілеген шығар олар.

Өмір қызық екен. Сәулебек ата-анасының дегені болмады. Ол жан-жағына шуақ тарата алмады. Тек өз қамын ғана күйттейтін тар пейіл, ұсақ пенде болып шыға келді. Жүрген жері айқай мен шу, атқарғаны мардымсыз іс, көрсеткені нашар қылық, соңына ергені жағымсыз сөз.

Кәссіз, кесапат адамның ісі алға баса ма, бұл жолы да межелі жұмысы нәтижелі болмай, шаршап, қажыған Сәулебек кеш болмай-ақ ұйқыға бет бұрды. Жүйкесі қажыған жанның ұйқысы қайбір тыныш болсын, ол салғаннан түс құшағына оранды. Таң атар уақ келгенмен, күн шықпады. Талтүстің мезгілі де өте шықты. Әлі таң бозарған жоқ. Ертесіне де солай болды. Түн сейілер емес. Уақыт қоңыр күз еді, салқын белең ала бастаған. Кешелі бері күн көрінбегесін, ауа мүлдем суық. Жанындағылар да дірдек қағуда. Қою қараңғыда Сәулебек түңғиыққа сүңгіп барады. Зәре жоқ. Жалғаннан мүлде күдерін үзген.

Олар қолда бар қуатты жылынуға емес, тек бір-бірін көріп тілдесу үшін ғана пайдалануға мәжбүр. Өйткені қара түнектің қаһары суық ызғардан сорақы болып шықты. Айналада масқара үнсіздік. Мұнда мазаны алар пойыздың дүрсілі мен ауадағы ұшақтың гуілі атымен жоқ. Әр тұстан жанармайы әлі таусылмаған мәшиненің бәсеңдеу дыбысы ғана шығады.

Алдынан сәлделі қария ағараңдады. «Пәтшағар, иманыңды үйіре бер. Сен үшін, сендей кісәпірлердің қылығы үшін міне, бүкіл Жер налаға ұшырап, үйреншікті жолынан ажырап, күн жоқ, нәр жоқ, өмір жоқ мұздай қараңғылыққа бет алды» – деді ол.

– Менің осыған кінәм не, неге маған дүниенің бар ауыртпалығын жабасыз, мен мұнымен келіспеймін, – деп, қарлыққан дауыспен жауап қайырды Сәулебек.

– Сенің келіскен, келіспегеніңді енді ешкім сұрамайды. Ұлы Құдірет еркі бұл. Мен соның хабаршысымын.

– Менің кінәм не? Бар болғаны өзімнің қамымды жегенім бе?..

– Сенің күнәң мол. Сен өзгенің несібесіне ылғи қол сұқтың! Адал іс атқармадың! Жұртты алдаумен күн көрдің!

– Жалғыз мен бе екен сондай жаман, осылай жасайтын?.. Мен білсем өзгенің көбі осындай. Ендеше, мен біреу үшін жауап бермеймін!

– Қарай гөр мұның өзгеге жабысуын? Гәп сенің пейіліңде. Осы уақытқа дейін бір жағымды іс атқармағаныңда, гәззап!.. Енді, міне, сенің кесірің үшін барлық адам қара тұңғиыққа құлап, жоқ болады!

– Ойбай, сіз не деп кеттіңіз? Неге мен барша адам үшін жауап беруім керек? Мұныңыз барып тұрған зорлық, астамшылық!..

– Жоқ, ешқандай зорлық емес! Нағыз әділдік. Пәтшағар, күнәңді мойында!..

– Мен өзгенің ісіне жауап бермейім. Өзге менің ісіме кінәлі емес. Бұл не сұмдық айтып тұрғаныңыз?.. Сонда мен дүниенің ең нашар адамы болғаным ба?.. Құтқарыңыз мені, Құдай үшін!..

– Сені енді ешкім де құтқара алмайды.

– Неге құтқара алмайды?.. Мен де Алланың құлы емеспін бе?.. Жаратқан Иенің рақымы мол дегені қайда?!..

– Осыған дейін сен Алланы бір аузыңа алдың ба, күнәкар? Өзгенің ақысын опырып жатқанда Ұлы Жаратушыдан қорықтың ба?.. Енді жазаңды молынан тартасың! Ұлы Құдіреттің шарапатына ылайық пенде бар, ылайық емесі бар. Сен соның соңғысы боларсың!

– Түсінбеймін!.. Ең жаман адам екенмін. Мені жазалауға алып бара жатсыз. Дұрыс-ақ. Бірақ, Жер үстінде қаншама адам менен жақсы, олар жақсы істер атқарған. Солардың кінәсі не?.. Оларды неге аямайсыз?..

– Ұлы Құдірет Жерді алаңсыз тазартып алыңдар деп бұйырған. Жақсы адамдардың да кемшілігі жетерлік. Олардың қатесі сендердің бассыздықтарыңа үндемей көнгені, көрсе де көрмегені. Сендердің орындарыңа алдағы уақытта ақ пейіл, кіршіксіз таза адамдар келеді. Жағдай солай.

– Жо, жоқ, мен оған келіспеймін! Ақыры, бізді өлімге қиған екенсіз. Онда менің соңғы тілегім бар!..

– Ол қандай тілек, айт, кәне, күнәкар пенде?!..

– О дүниеде тозақ отына күйер күнәм мол екенін қазір түсіндім! Бірақ, енді сол күнәларымды тағы көбейткім жоқ. Болмағанда бір жақсылық іс жасап бұл өмірден өтейін, ендеше!.. Жаңа айттыңыз ғой, бар пәле менде деп. Онда, бар жамандық менімен кетсін. Өзгелер үшін дүниеден бездім!.. Мен құриын, өшейін, жоғалайын!.. Осыған алаңсыз көндім, бұрылдым! Бірақ, ел аман болсын! Лажы болса, Жер өз отанына оралсын, адамдар өмірін жалғастырсын! Сол үшін қара түнек тұңғиыққа сүңгуге, тозақ отына күюге мен дайын, айналайын Қыдыр ата!.. Осы менің ақырғы тілегім!..

– У-уһ, бұл сәтке де әйтеуір жеттім-ау! Сендей нашар адам дүниеде баршылық. Мен өзіңдей болымсыз азаматтарға бет алғанның бірімін. Мақсатым сенің түпкі ойыңды байқау еді. Маған түскен аяннан сезгенім: Өмірінде тек өз қамын ойлаған адамның өзгеріп, адал жолға түскенін байқау еді. Сенен осыны күттім. Алғашқыда жолатпадың, көнбедің, қинадың. Әбден болмашы майда, нашар екеніңді көрсеттің. Оған көзім жетті. Ақыры, Алланың нұры жауды білем, өзгердің, түзу жолға түстің. Адам үшін өмірдің басты мәні өзгеге жақсылық жасау еді. Одан сенің хабарың мүлдем жоқ екен. Ұлы Жаратушының мейірі шексіз екен, ақыры соны кеш болса да түсіндің! Адамнан түңілме деген осы екен-ау!.. Алланың рақымы мен кеңшілігі шексіз дейді. Жақсылық күтейік, балам!..

Сол заматта барша жұрт өзін үлкен ұшақтың ішінде отырғандай, оның бағытын өзгертіп, кілт бұрыла бастағанындай сезінді. Ұлы Құдіретке қиын емес, Жер ұзап кеткен сәулелі отанына қайта бет алды.

«Елден ел кетсе жұт, елге ел қосылса құт» демекші, аса мәртебелі, қуатты Күн де шамалыдан бері, өзіне ең жақын Жер уысынан шығып алыстағалы түнеріп, ғаламға жарық пен жылу беретін кәсібін бәсеңдетіп, мұңайып қалған еді. Енді сол Жердің қайтадан бері бет алғанын бірден сезіп, жарқылын молайтып, алапат күшін қайтадан іске толық қосып, сәулесін ғаламға аямай шаша бастады. Жер де үйренген өз жұртына Ұлы Құдірет бұйрығымен бет алғанын сезіп, қуанышы қойнына сыймай туған өлкесіне асығуда. Шамалыдан соң таң бозара бастады.

Сонда ғана Сәулебек ұйқыдан оянды. Көзі шайдай ашылды. Санасы мүлдем өзгеріп, жаңарған. Дүниеге енді келгендей. Түстің осындай құдіреті бар екенін кім білген?!.. Оның бойын бұрын-соңды болмаған мейірлі сезім жайлады. Өзге үшін алғашқы жақсылық іс жасағаны тиыш қояр емес мұны. Және ол қатардағы жақсылық емес-ті!.. Екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс атқарды ғой бұл. Бүкіл Жерді сақтап қалды емес пе?!.. Түсінде болса да!.. Енді игілікті істі жалғастырады. Ол осыған бет бұрды. Мүмкін, ата-ана үміті ақталар?!..

Серікбай ҚОШҚАРОВ,
профессор

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!




# Қатер мен қапер

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

## Ревакцинация: Елімізде екпенің үшінші компоненті салына ма?

Мемлекет басшысы Жолдауда пандемия кезінде жоспарлы скрининг пен ота жасау кейінге қалғанын, ал бұған жол беруге болмайтынын баса айтты. Сондықтан алдағы уақытта да медицина саласына қомақты қаржы құйылады. Бұл қаражаттың инфрақұрылымға, маман даярлауға және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмсалуы бақылауда болмақ. Мұнан бөлек, Президент бүкіл денсаулық сақтау саласын тұрақты екпе алу жүйесіне дайындау қажеттігін қаперге салды. Себебі, қазір екпені ем дейтіндер мен пайдасы кем дейтіндердің таласы тоқтаған жоқ. Десе де, инфекцияның алдын алу жолындағы қарекет жалғасуда.

«Алдағы уақытта әлемде коронавирустың жаңа штамдары шығуы мүмкін. Біз оның қашан болатындығын күтіп қарап отыра алмаймыз. Осындай жағдайда өмір сүруге, әрі қарай дамуға бейімделуіміз керек. Бізге Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында тіркелген вакциналарды тезірек сатып алу қажет. Сонымен бірге бүкіл денсаулық сақтау саласын тұрақты екпе алу жүйесіне дайындаған жөн. Дерек бойынша қазір елімізде вакцинаның I компонентін 6 709 478, II компонентін 5 502 652 тұрғын салдырған», – деді Мемлекет басшысы.

Ал, ел аумағындағы екпе пункттерінде вакцина дозасы жеткілікті. Оның қатарында Қазақстанда қолдануға мақұлданған «Спутник V», «QazVac», «VeroCell», «Hayat Vax», «CoronaVac» бар. Бұл ретте біз әлем елдерінде жүргізілген ғылыми басылымдардың деректері мен клиникалық зерттеу нәтижесін, мамандардың пікірін саралаған едік. Тарқатып айтсақ, Ресейдегі Н.Гамалей атындағы Ұлттық эпидемиология және микробиология ғылыми-зерттеу орталығы әзірлеген «Спутник V» тиімділігі 90%-тен асатын әлемдегі үш вакцинаның қатарында. 3,8 миллион ресейлікті вакциналаудың нәтижесінде «Спутник V» тиімділігі 97,6% құраған. Оны әзірлеушілер зерттеуге қатысушылардың 85 процентінде кері әсер байқалмағанын хабарлады. Қалған 15 процентінде дене қызуы көтерілген, инъекция орнында ауырсыну, бас ауруы және бұлшықет ауруы тіркелген. Қазір «Спутникті» әлемнің 67 елі мақұлдады. Қазақстан биыл ақпанда жиырма жетінші болып ресейлік вакцинаны ресми тіркеп, Қарағанды фармацевтикалық кешенінде шығара бастады.

Ал, отандық «QazVac» вакцинасын Білім және ғылым министрлігі Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты әзірледі. Шетелдік «EClinicalMedicine» ғылыми журналында оның тиімділігі 90%-тен жоғары екені айтылады. «Өлі» вирустан жасалған вакцинаның құрамында су мен тұз бар. Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Күнсұлу Закария клиникалық зерттеулерге 3000 ерікті қатысқанын және вакцина алған кей адамдарда әлсіздік, дене қызуының көтерілуі ықтимал екенін мәлімдеді.

– Жанама әсер үш күннен аспайды. Басқа вакциналар секілді аллергиялық реакция сирек пайда болуы мүмкін. 21 күннен соң қан құрамында коронавирусқа қарсы антидене пайда болады. Оны 18 жастан 70 жасқа дейінгі адамдарға егуге болады, – деді ол.

Бұдан бөлек, өткен аптада институт ғалымдары қолданыстағы «QazVac» вакцинасымен қатар екінші суббірлікті «Qaz Covac P» вакцинасын жасап шығарды. Бұл орайда Президент кешегі Жолдауында «Қазақстан – коронавирусқа қарсы вакцина жасап шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі. Біздің вакцинамыздың тиімді әрі қауіпсіз екендігіне күмән жоқ, қазір «QazVac»-қа өзге мемлекеттер де сұраныс білдіруде» деген пікір білдірді.

Сонымен қатар қазір елімізде бірінші компонентін 225 594, екінші компонентін 112 846 адам алған «CoronaVac» вакцинасын Қытайдың жекеменшік биотехнология компаниясы «Sinovac Biotech» дайындаған. Вакцинаның жалпы тиімділігі Бразилиядағы сынақ кезінде төмен болғанына қарамастан, ол аурудың ауыр түрлеріне күшті қорғаныс көрсетті. «VeroCell»-вакцинасы да Қытайда өндіріледі. Ал, «Hayat-Vax» Біріккен Араб Әмірлігінде шыққан. Ол 18 жастан асқандарға арналған. Президент жауапты министрлікке танымал «Pfizer» вакцинасын қолжетімді етуді де тапсырған еді. Жақында елде уақытша тіркелген вакциналар тізіміне «Pfizer-BioNTech Comirnaty» «Комирнати» вакцинасы қосылды және оған 8 ай мерзімге уақытша тіркеу куәлігі берілді. Денсаулық сақтау министрлігі ата-анасының келісімі бойынша 12 жастан асқан балаларға екпе егу жоспарланғанын хабарлайды. Вакцинация әлі басталмаған. Бірақ, мамандардың айтуынша, нақты уақыт кейін белгілі болады. Бұған дейін аталған компаниялар вакцинаның үшінші дозасын салу, яғни ревакцинация туралы мәселені алғаш болып көтерген болатын. «Тағы бір компонент адам ағзасындағы антидене санын көбейту үшін қажет» дейді мамандар. Айта кетейік, бүгінде вакцинаның үшінші дозасын салдыруды бастаған ел бар. Ол – Израиль. Бізде де вакцинаны қайталап егу жүруі мүмкін.

Денсаулық сақтау министрі «Ревакцинацияның екі түрі бар. Ұжымдық иммунитетті жалпы 60-70 процентке жеткізгенге дейінгі шұғыл екпемен қатар жоспарлы ревакцинация ескерілген. Ол жылына бір рет болады. Қазір мерзімді пысықтап жатырмыз, себебі Қазақстанда вакциналау ақпан айынан басталды. Адамдардың басым бөлігі маусым-шілде кезеңінде екпе алды. Олардың ағзасындағы антиденелер әлі де бар, деңгейі жоғары. Сондықтан екінші дозаны алған соң ол 9 айдан кейін, шамамен қазан айында күнтізбеге енгізіледі» деген хабармен бөлісті.

Тағы бір айта кетерлік жайт, басқа елдерге саяхаттау үшін де вакцинаның ролі зор. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) американдық «Pfizer/BioNTech», «Jannsen» және «Moderna» вакциналарын, британ-шведтік «AstraZeneca» және оның үнділік нұсқасын, «Sinopharm» мемлекеттік корпорациясы шығарған жаңа үлгідегі қытайлық вакцинаны қолдануды мақұлдады. Соңғы ақпаратқа сәйкес, «Спутник V» әзірлеушілері алдағы уақытта ДДСҰ-ның мақұлдауын күтуде. Сондай-ақ, қазір көптеген мемлекеттер вакцинацияның электронды паспорттарын әзірлеуде. Ең танымалы – «Travel Pass». Мобильді қосымшада саяхатшылар ПТР-тест нәтижесі туралы анықтамаларды, сондай-ақ COVID-19 вакцинациясы туралы ақпаратты сақтай алады. Шекарадан өткен кезде турист инфекция жұқтырмағаны туралы электронды дәлелдер ұсына алады. Жақында eGov Mobile жүйесі «Travel Pass»-пен біріктіріліп, қазақстандықтардың осы қосымшаны пайдалануына мүмкіндік қарастырылуда.

## Қыркүйекте тексеру басталады

Тағы бір мәселе, вакцина алу міндеттілігіне қатысты. Атап айтқанда, қызмет көрсету саласының жұмысшылары, сондай-ақ адам саны 20-дан асатын ұжым қызметкерлері 1 қыркүйекке дейін COVID-19-ға қарсы екпе салдыруы тиіс. Олай болмаған жағдайда жұмысшылардың жұмыс істеуіне жол берген кәсіпкерлерге ҚР Әкімшілік кодексінің 462-бабы бойынша айыппұл салынады. Бірақ, бұл ретте қарсы медициналық көрсетілімдер ескеріледі. Екпенің әрбір түріне спецификалық қарсы көрсетілім қарастырылған. Олар – созылмалы аурулар, обструктивті бронх демікпесі. Ауыр аллергиялық реакция мен жүктілік, бала емізу кезеңі де вакцинаға қарсы медициналық көрсетілім қатарында. Сонымен қатар 18 жасқа толмағандарға сыналған вакцина әзірге елімізде болмағандықтан, кәмелетке толмағандарға вакцина салынып жатқан жоқ. Алайда жаңа оқу жылына орай мектеп мұғалімдері вирусқа қарсы толығымен егілді. Алысқа бармай-ақ, өңірді алайықшы.

Бүгінде облыста 1-қыркүйектегі мәлімет бойынша I компонентті 261 409 адам алса, II компонент 210 563 адамға салынған. Оның қатарында аудандық, қалалық білім бөлімінің басшылары, директорлар мен педагогтар бар.

– Білім саласында еңбек ететін ұстаздар қауымы үшін екпенің маңызы зор. Олардың 97 проценті вакцина алды. Қазір мектепке келетін балалардың денсаулығына мән беріп, 5 сатыдан тұратын дезинфекциялық тексерудің толыққанды іске асуын қадағалауда ұстаудамыз. Сондай-ақ, қарым-қатынасты шектеу, балалардың үзіліс уақытында шоғырландыруын болдырмау бағытындағы жұмыс нәтижелі, – дейді облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова.

Ал, студенттерге қатысты сауалдарға Білім және ғылым министрлігі жауап берді. Вакцинаға қарсы көрсетілімі бар студенттердің жөні бөлек. Басқалары жатақхана, кітапханаларға «Ashyq» жүйесі арқылы кіргізілмек. Бетперде тағу режимі мен басқа да санитарлық талап қатаң сақталады. Бұл ретте әр курстың сабағы әртүрлі уақытта басталатынын да ескеру керек. Бұған дейін «3-4 курс студенттеріне оқу 1 қыркүйектен, ал 1-2 курс пен магистранттар үшін сабақ қыркүйектен, бірақ бекітілген академиялық күнтізбе бойынша 30 қыркүйектен кешіктірілмей басталады» деген болатын Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев. Қорыта айтқанда, студенттердің арақашықтығын сақтау және жиналуына жол бермеу үшін каскадты әдіс қолданылуда. Бұдан бөлек, осы студенттер арасында алғаш болып вакцинаны қолдау акциясы қолға алынды. Мәселен, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Вакцина алып, ұтысқа қол жеткіз!» науқанын ұйымдастырды. Оған білім ордасының екпе қабылдаған қызметкерлері мен студенттері қатысты. Нәтижесінде 30 студент Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеуге жолдама алды. Қызметкерлер мен студенттер үшін «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешенінің бассейніне 30 тегін абонемент берілді, жазғы лагерьлерге 30 жолдама, фитнес залға 30 тегін абонемент қарастырылды. 30 студентке бір оқу жылына жатақханаға тұруға 50% жеңілдік те ұсынылған. «Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылардың 87%-і, білім алушылардың 51%-і вакцина алды. Жаңа оқу жылын оффлайн форматта бастау үшін ұжымдық иммунитетті қалыптастыру маңызды» дейді университет ректоры Бейбітқұл Кәрімова.

## «Коронавирус тұмау секілді вакцинамен реттелетін ауруға айналады»

Жерлесіміз, «100 жаңа есім» қатарына енген белгілі нейрохирург Мыңжылқы Бердіқожаевтың айтуынша, вирусты бір адамнан екі немесе одан көп адам жұқтырады. Мұның қауіптілігі де осында. Коронавирус инфекциясы 3,5 процент жағдайда адам өліміне алып келеді. Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері 2 қыркүйектегі мәлімет бойынша Қазақстанда коронавирус пен пневмониядан бір тәулікте 114 адам көз жұмғанын мәлімдеді. Қазір 493 пациенттің жағдайы өте ауыр деп бағаланған. Дәрігерлер реанимацияда жатқандар мен өкпені жасанды желдету құрылғысына жалғанғандардың 95 проценті вакцина алмаған тұрғындар екенін айтуда.

Бұл кеселдің жолын тезірек кесу керектігін көрсетеді. Оның үстіне жақында ресейлік ғалым Александр Гинцбургтың «Пока живы – будем жить» деректі фильмін тамашалағаннан кейін індеттен қорғанудың жолын үйренетін кез келгеніне тағы бір көз жеткіздік. Тәжірибелі маман «Адамзат бұл инфекцияны індет тізімінен ығыстырып, қызылша, тұмау, қызамық сияқты вакцинамен реттелетін ауру санатына енгізеді. Қолданысқа енгізілетін шаралардың арқасында ол да тұмау сияқты өтетін болады» деген пікір білдірді. Айтуына қарағанда, коронавирусқа қарсы вакцина адамды екі жылдан астам мерзімге дейін инфекциядан қорғай алады. Эволюция процесінде антиденелердің орнына жады бар жасушалар пайда болатын механизм қалыптасады. Мәселен, вакцина алмай тұрып сіздің ағзаңызда жады бар 100 жасуша болса, вакцинаның екінші дозасын алғаннан кейін оның саны 10 мыңға жетуі мүмкін. Бір рет екпе алудың арқасында 3-5 ай бойы жады бар жасушалардың қорғауында болатыныңызды ескерсек, екінші рет екпе алу арқылы екі жылдан астам уақыт ағзаңыз жасушалардың қорғауында болады. Қалай десек те, таңдау мен ерік сізде! Бастысы – саулықтың қадірін, сақтықтың мәнін уақытында түсіну.

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ
МИКРОКРЕДИТТЕР
✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
✓ кепілсіз
✓ алты жылға дейін
ОҢАЙ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ
ЭВЕРЕСТ Финанс
вход на сайт
керемет % мөлшерлемелер
1 000 000 ТГ дейін
Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе
тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45
Все подробности на сайте everestfinans.kz
03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларын және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 19.03.2015 жылғы № 18-04/245 бұйрығының 2-тарауы 12-тармағы 3) тармақшасы негізінде, Ащыкөл су айдындарына конкурс өткізілетіндігі жөнінде хабарландырудың 27.08.2021 жылы «Мемлекеттік мүлік тізілімі E-QAZYNA.KZ» активтерді басқарудың цифрлық платформасында (www.gosreestr.kz) жарияланғандығын хабарлаймыз.

Конкурс 14.09.2021 жылы сағат 10-00-де өткізіледі.

Конкурс талаптары «Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларын және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 19.03.2015 жылғы № 18-04/245 бұйрығында көрсетілген.

Ұйымдастырушы – Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы.

1. Ащыкөл су айдыны – Қызылорда облысы, Шиелі ауданы аумағында Шиелі кентінен 5 шақырым, Ы.Жақаев ауылынан 1 шақырым қашықтықта орналасқан. Ұзындығы – 2,0 км, ені – 0,155 км, ауданы – 35 га, тереңдігі – 4 м.

Конкурстық өтінімдер 14.09.2021 жылғы сағат 09:55 дейінгі мерзімде қабылданады.

Ащыкөл су айдыны – 49 жылға дейінгі мерзімге бекітіледі.

Конкурсты өткізу тәртібі бойынша веб-порталда алдын ала тіркелу қажет:

жеке тұлғалар үшін:

- жеке сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);

заңды тұлғалар үшін:

- бизнес-сәйкестендіру нөмірі, толық атауы, бірінші басшының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);

- кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелері;

- байланыс деректері (пошталық мекен-жайы, телефон, факс, e-mail).

Ескертпе: Қызылорда облысы көлемінде орналасқан резервтегі жергілікті балық шаруашылығына маңызы бар су айдындарына конкурс өткізу туралы хабарландырулар «Мемлекеттік мүлік тізілімі E-QAZYNA.KZ» активтерді басқарудың цифрлық платформасында (www.gosreestr.kz) жарияланып отыратын болады.

**Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы**

## Хабарландыру

«ТұзкөлМұнайГаз Оперетинг» ЖШС 2007 жылдың 28 маусымындағы №204-п «Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың» 52-тармағына сәйкес «Тұзкөл кен орнын игеру жобасының» жобалық құжатының «Қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау жобасын» талқылау барысында қоғамдық пікірді есепке алудың жазбаша ұсыныстар мен ескертулер қабылдау түрінде жүргізілетіндігін хабарлайды.

Жоғарыда көрсетілген жоба бойынша барлық сұрақтар төмендегі мекен-жай бойынша қабылданады:

Тапсырыс беруші – «ТМГ Оперейтинг» ЖШС. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қонаев к., 4, байланыс тел.: 8 (7242) 29-98-91. Адранов Азамат Алматович. Электрондық пошта/ e-mail: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

**Жобаны әзірлеуші – «МұнайгазҒЗЖИ» АҚ, байланыс тел.: 8-707-694-08-12. Амина Дуйсенказиева. Электрондық почта: duisa1@nipi.kz**

## Жаныңыз болсын жұмақта



«Батыстан бой көтеріп келе жатқан Бір өзі комбинаттың жарты қала» деп әнге қосқан, облыстың өнеркәсіп ошақтарының көшбасшысы болған Қызылорда целлюлоза-картон заводының ардагері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Құдайбергенов Мырзалы ағамыз осы жылдың 6 тамызында дүниеден озды.

Мырзекең 1937 жылдың 5 мамырында Сырдария ауданы Құмсарай ауылында дүниеге келген. М.Горький атындағы мектепті бітіргеннен кейін Кеңес әскері қатарына шақырылып, әскери міндетін өтеген. Елге оралғаннан кейін целлюлоза-картон комбинатының іргетасын қалап, құрылысына қатысады. Жас құрылысшы еңбекқорлығымен көзге түсіп, болашақ технолог мамандарын дайындау мақсатында Соликамск қаласына целлюлоза қайнатушылар курсына жіберіледі. Комбинат іске қосылғаннан бастап целлюлоза қайнатушы болып зейнетке шыққанға дейін абыройлы еңбек етті.

Қоғамдық жұмыстардың ортасында жүретін Мырзалы ағамыздың еңбегі еленіп, «Ленин» орденімен, «Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медалімен және республикалық, облыстық деңгейдегі бірнеше марапаттарға ие болды. Қалалық мәслихат депутаты, қалалық партия комитетінің бюро мүшесі, Пленум мүшелігіне бірнеше рет сайланды. Комбинатқа жас мамандар дайындап, тәжірибеден өткізіп, тәлімгер ұстаз атанды. Тәлімін алған азаматтар заводтың белді мамандары болып ағамыздың адал еңбек жолын жалғастыра білді. Қоғамның дамуына атсалысып, игі істерімен тер төгіп, ағалық ақылын айтып, өмірді адал сүруді алдына мақсат еткен Мырзалы ағамыздың өмірден озғанына да айдан асып барады.

Марқұм ағамыздың жарқын бейнесін ЦКЗ-да бірге еңбек еткен әріптестері, інілері, шәкірттері мәңгі естерінде сақтайды. Топырағы торқа, жаны жәннатта, иманы жолдас болсын дейміз.

Әріптес інілері атынан
**Марат Төлегенов**

Қызылорда облысы әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес және облыстық Ардагерлері кеңесі педагогика ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері, білім саласының ардагері

**Бақытжан Әбдіқалықұлы Сайлыбаевтың**

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қызылорда «Болашақ» университетінің ұжымы «Филология, журналистика» кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Снасапова Гүлжахан Жұмашқызына анасы

**Снасапова Тұрсынкүл Абдрахманқызының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ




**Қазақстанның Халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов қазақ драматургиясын әлемге танытты, айтқыр Қалтай атанды. Дүниеден өткеніне биыл 20 жыл толды. Осы мерзім ішінде Қалтай аға туралы талай дүниелер жазылды, еңбектері кандидаттық диссертацияларға өзек болды. Арғы аталары Күдеріқожа Көшекұлы сонау 1800-1858 жылдар аралығында Қарағандының Қарқаралы өңірінде өмір сүрген, айтыс, жұмбақ айтыстарының негізін қалаған тума талант болған. Дуана қожадан тараған ұрпақтар қазір мына «Ширкейлі» ауылында өмір жалғастырып жатқанын мақтанышпен айтуға болады. 1925 жылдары Ұлы Мұхтар Әуезов «Таң» журналында Қалтайдың арғы тегінен сыр шерткен, «Күдеріқожаның Қарқаралы тауымен қоштасуын» тілге тиек етіп, қалам тербеген.**

# Айтқыр Қалтай

Әдебиетте Қалтайдың арғы атасы Күдеріқожаның Ұлбикемен айтысы мүлдем бөлек жанр. Ұлбике алғаш танысқанда Күдеріқожаға:

Сайраған баудың көркі бұлбұлым-ай,
Барады қапалықпен бұл күнім-ай.
Ағарып атқан таңдай қайдан келдің
Қыраны қаршығаның тұйғыным-ай?!

дегенде Күдеріқожа:

Ұлбике Бақтиярдан сенің затың,
Жайылды барша жұртқа Ұлбике атың.
Кітаптай айтқан сөзің мәнді болған,
Туар ма мұндай артық перизатың?!

Бұл Ұлбике кезінде Күдерінің інісі Таспамен де айтысқан. Осы айтыста Ұлбике атқа мінген Таспа құдықтан су ішпей, үріккен атын қамшымен сабалайды. Сонда Ұлбике:

Інісі Күдерінің Таспа қожа,
Атыңды неге ұрасың басқа қожа.
Ретсіз қамшыңды жұмсай берсең,
Боларсың нағыз кедей қасқа қожа!

Арадағы айтыс одан әрі осылайша өрби түседі. Ұлбике күйеуінің өзіне тең еместігін ескерту жасайды.

Ұлбике:

Жастай өскен жерімде бағыланмын,
Онда кетсем, елімді сағынамын.
Қабыланның қолына түсіп қалдым
Жазғанына тәңірдің не қыламын?!

Күдеріқожа жұмбақ айтысының нағыз шебері болса керек. Мұндай қиын жанрды меңгеруін С.Мұқанов, М.Ғабдуллин тағзым еткен.

Қалтайдың әкесі Мұхамеджан Нұрекеев халық арасында «қара молда» атанған, діни сауатты адам болған. Бұл жайында кете Жүсіп Ешниязұлы: «Мұхамеджан шын әулет, тақыссыз таза ақ айдын» деп бағалаған. Қалтай ағаның ағасы Әбибулла, інісі Қырғызбек әдебиет әлемінде өзіндік орны бар ақын, шежіреші, аудармашы болған. Қысқасы, үш бәйтеректің өнерге деген таланты бөлек әңгіме.

Қалтайдың ағасы Әбибулла: Әкесінің ақталу қағазын алғанда, «кеңес өкіметіне өкпем жоқ, өздері атты, өздері ақтады» деп отыратындығын ұрпақтары жиі еске алып, көзіне жас алатындығын біздің де естігеніміз бар.

Айтқыр Қалтайдың әкесі Мұхамеджан Нұрекеев – «қара молда» қалай «халық жауы» атанып, атылды? Енді осы жағын оқырманға сыр етіп тағы бір еске сала кеткеніміз жөн болар.

Ақын «қара молда» қызыл империяның қуйтұрқы саясатына тікелей қарсы болды, наразылығын анық жазды. Бұл туралы «Заман-ай» атты өлең жазған. «Тегі жабы тоқпақ жалды торы айғыр», «жаман сәурік», «көргенсіздер көлбеңдеген заман-ай» деп ашына ой өрбітті. Бұл өлең сонау Қарсақпайдан Нұржанқажының үйінен шыққан. Нұржан ұлы Ғайнаддин тұтқынға алынып, өлең үзінділері қалтасынан шыққан. Өлең мазмұны төмендегідей көрінеді:

Қыран бүркіт тау бөктерін бауырлап,
Тура ұшуға қанат-құйрық ауырлап.
Тегі жабы, тоқпақ жалды торы айғыр,
Арғымақты бара жатыр сауырлап.
Көргенсіздер көлбеңдеген заман-ай ,
Көп үйірде бар еді бір қысырақ,
Кетті оған жаман сәурік ұшырап.
Көргенсіздер көлбеңдеген заман-ай!

Міне, осы өлең «халық жауы» атануына негіз болса керек. Мұхамеджан ата 1937 жылы «үштік» үкімімен атылып кетсе керек.

Айтқыр Қалтай әділетсіздікті көп көрді. Қызылорда пединститутынан Ташкенттің өнер институтынан шеттеп, сонау Мәскеуден пана тауып, жоғары білім алды. Жастық шағы қиындықпен өтті. «Менің табаным көнтақа, түйенің табанындай. Әкем 1937 жылы атылып кеткеннен кейін институтқа жалаңаяқ бардым. Башпайларымның арасынан шөп шығып, бастырмайтын. Ташкенге оқуға жалаң аяқ бардым. Кейін әр салада еңбек еткен кезімде жалған арыз жазғандар күн көрсетпеді», – дейді.

Міне, біздің қолымызға тиген, профессор Қазбай Құдайбергенов пен докторант Күнімжан Құдайбергенованың құрастыруымен шыққан «Талантымен танылған тұлға» атты ғылыми-танымдық зерттеу кітабынан айтқыр Қалтай жайында көп сырды аңғарғандай болдық. Бізге беймәлім жайлардан сыр ақтарған. Ал, «Мың бір түнді» аударуға 14 жыл уақытын жұмсаған, «Шыңғыс ханды» жазуға жүрегі дауаламағаны ұзақ әңгіме. Кітапта үлкен жүректі азамат Қалтай ағаның Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбаев, М.Әуезов, Ш.Айтматовпен достығы, Ш.Құлмаханов, З.Нұрқаділов сынды азаматтармен арадағы қатынастар жайында баяндалған.

Қалтай ағаның «Бөлтірік бөрік астында», «Құдағи келіпті», «Қуырдық дайын», «Жат елде», «Көктебедегі кездесу» атты дүниелері театр сахнасының алтын қорында тұр. Міне, соңында өшпейтін із қалды деген осы болар. Бүгін қолымызға тиген кітапты авторлар өз қаражатына шығарғанын айта кетпей болмайды. Кітап – 16,5 баспа табақ, тиражы – 200 дана, «ASU» баспа үйінде басылды. Әрине өнерсүйер қауым үшін аз таралым. Бәлкім, кейін мүмкіндік туып жатса, тиражын көбейтіп, қайта басылса, артықтық етпес еді.

**ТҮЙІН. Бұдан үш жыл бұрын Қазақстанның Халық жазушысы, драматург Қалтай Мұхамеджановтың сегіз мыңдай кітабы Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханаға берілді. Көзге оттай басылатын жазбалары, естеліктері, әзілдері, ұстаған дүниелері, сондай-ақ, сирек кітаптар алтын қазынаға айналғанына жұртшылық қуанды. Ұл-қыздары, оқырмандар – біздер де қуандық. Ғылыми қызметкер болып, профессор Қазбай Құдайбергенов міне, осы іске ұйытқы болды. Ендігі жерде Қалтайдың бай қазынасы халқына рухани азық бола беруіне тілекшіміз.**

**Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі**



## Құттықтаймыз

**Әкеміз Қасым Абдуллаұлы Оңғаровты асқаралы 60 жасымен және Семей ядролық сынақ полигонының ардагері ретінде полигонның жабылғанына 30 жыл толуымен құттықтаймыз!**

Құрметті әке, мерейлі күніңіз құтты болсын! Сіз ел сыйлаған абзал азамат, сүйікті әке, ардақты ата болған бүгінгі бақытыңызға адал қасиеттеріңізбен жеткен жансыз. Біздің арқасүйер қорғанымыз, үлгі-өнеге тұтар абзал жанымызсыз. Жасыңызға жас қосылып, сіз нұрландырған шаңырағымыздан шаттық кетпесін.

Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат тілей отырып, ағайын-туыс, жора-жолдас, бала-шағаңыздың ортасында әрдайым аман жүруіңізді тілейміз. Немерелеріңіз Қайсар мен Қайратты, Айсананы ертіп, өзіңіз сүйетін «Қайсар» командасының ойындарынан жеңіспен орала бергейсіз.

Ізгі тілекпен,
**Оңғаровтар отбасы**



**Қазақ пен қырғыз ақындары айтысының тамыры тереңде жатыр. Осы дәстүрдің жалғасы ретінде Қырғыз елі Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Бішкек қаласында еларалық айтыс өткен еді. Сөз сайысында Сыр өңірі ақындары оза шауып, үш бірдей бәйгені иеленді.**

## Еларалық айтыста абыройға бөленді

Мерекенің көрігін қыздырған аламан айтыста Қызылорда қаласы, М.Ералиева атындағы мәдениет үйінің директоры Нұрмат Мансұр жүлделі екінші орынды жеңіп алса, ұстаз-ақын Ержеңіс Әбдиев арнайы жүлдені еншіледі. Сондай-ақ, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов Жамбыл Жабаев атындағы сыйлыққа ие болды.

Айтыс жеңімпаздарын қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов арнайы қабылдап, сый-құрмет көрсетіп, қала әкімінің алғысын жеткізді.

– «Алатаудың бөктерін қатар жайлаған қазақ-қырғыз қашаннан туысқан ел болғандықтан, сыйластығы тарихтан белгілі. Әсіресе, Сүйінбай мен Қатағаннан, Жамбыл мен Тоқтағұлдан, Кенен мен Османқұлдан бастау алған осынау екі елдің арасындағы ата дәстүр сабақтастығы мен ымырасыз татулықтың бүгінгі дәнекері сіздерсіздер. Бүгінгі жеңістеріңізбен еліміздің рухын асқақтатып, Сыр өңірінің өнер ордасы екендігін тағы да бір дәлелдедіңіздер. Қай кезде де шығармашылық шабыттарыңыз шарықтап, рухани ізденістеріңіз сарқылмасын!» – деді А.Есжанов.

Кездесу барысында қашан да ынтымақ пен бірліктің туын жоғары ұстаған екі елдің достығы, рухани байланысы, тарихи-мәдени тұрғыдағы ұқсас жақтары сөз болып, ұлтымыздың ұлық өнері – айтыстың туы биікте желбірей берсін деген тілектер айтылды.

Байрақты жыр бәйгесіндегі әсерін бөліскен ақындар құрмет көрсеткен қала басшылығына алғысын білдіріп, қазақ өнерін дамытуға қызмет етіп, оның ішінде Сыр елінің намысын қорғауға дайын екендіктерін жеткізді.

**«СБ» ақпарат**


# «ЖЕНЬШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» – ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ



**Өмірбаева М, Қызылорда облысы**

Мен «Женьшень – Өмір қуаты» бальзамын атама алған едім. Атам қарт кісі, бойында ауруы көп. Ішкі құрылысы дұрыс жұмыс істемейді. Ас қорытылмай, кекіріп, асқазаны қыжылдап, іші қаталап мазасын алатын. Қан қысымы біресе жоғарылап, біресе төмендеп басы ауыратын. Ыстықтан әлсізденіп, көңіл күйі болмай жата беретін. Атам «Женьшень» бальзамының 2 курсын ішіп, көп серуендеп, үйде жатпайтын болды. Тәбеті ашылып, тамағы қорытылып, салмақ қосып, көңіл күйі жақсарды. Қан қысымы қалпына келіп, басы ауырып мазаламайды. Қазіргі уақытта бальзамды грипке қарсы профилактика ретінде ішіп жүр. Біз барлығымыз ризамыз «Женьшень» бальзамының қасиетіне!



**Жиенбекова Б, Атырау облысы, 62 ж**

Мен көп жылдар бойы артроз ауруымен ауырып келемін. Буындарым ісіп, жүргізбейді. Аяқ-қолым сырқырап қақсағанда айтарға сөзім жоқ. Сонымен қатар бүйрегім, өт жолым дұрыс істемей тері ауруына шалдықтым. «Женьшень» бальзамын қабылдағаннан бері өзімді сергек сезінемін. Аяқ-қолымның сырқырағаны басылды, жаяу көп жүретін болдым. Ішкі құрылысымның жұмысы жақсарып, өт жолым тазаланды. Осы бальзамнан денсаулығым жақсарғасын сіздерге де ішуге кеңес беремін.




«Женьшень - өмір қуаты» бальзамы – (Сәйкестік декларациясы ЕАЭС №RU Д-RU.АД81.В.14213, 24.07.2018 жылдан 23.07.2022 жылға дейін жарамды)

*Қолдану әдісі: күніне 3 рет тамақтанудан 30 минут бұрын 1 шай қасық бальзамды аузыңызда 30-40 секунд ұстап тұрып, содан кейін жұтасыз.*

**БАЛЬЗАМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛЫМ:**

- Жүрек-қан тамыры жүйесі жұмысының бұзылуы (жүрек әлсіздігі, жүректің ревматикалық ауруы, атеросклероз, вегетотамырлы дистония, тахикардия және т.б.).
- Жүйке жүйесі ауруларында;
- Гипертония мен гипотония кезінде қан қысымын реттеу;
- Ревматизм, артрит, артроз, буын аурулары, остеохондроз, подагра кезінде;
- Иммунитетті көтеру және ағзаның жалпы жағдайын жақсарту;
- Түрлі инфекциялық, бактериялық және вирустық ауруларда;
- Тыныс алу жолдарының инфекциялық және қабынуында;
- Ас қорыту жүйесі ауруларында (ас қорытудың бұзылуы, гастрит, он екі елі ішек және асқазан жарасы);
- Бауыр ауруларында;
- Бүйрек және несеп шығару жолдарының ауруларында;
- Өт жолдарының дискинезиясы, өтте тас жиналу кезінде;
- Простатит, простата аденомасы кезінде;
- Терінің инфекциялық-аллергиялық ауруларында;
- Қант диабетінде;
- Қан тамырының ауытқуларынан болған көз ауруларында;
- Ісік кезіндегі өзгерістерде.

Бір курсқа «Женьшень – өмір қуаты», «Эликсир Жизни» бальзамының 8 қорабын қабылдау ұсынылады. Бір қораптың бағасы – 4000 теңге. 3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша тегін

**Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады: 8 702 911 55 55, 8 777 114 13 20.**

**Мекен-жайы өзгергені туралы ескертеміз! «Женьшень – өмір қуаты», «Эликсир жизни» бальзамының қасиеті туралы СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 16 қыркүйек күні сағат 10.00-11.00 аралығында *А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде, Қазыбек би көшесі, 21 (Ескі базардың қасында).***


ТЕАТР



**Қызылордада 2016 жылы қала әкімінің қолдауымен А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйі жанынан «Жастар театры» құрылды. Театрдың негізін қалаушысы және көркемдік жетекшісі – Оңталап Нұрмаханов. Содан бері репертуары бірнеше қойылыммен толығып, талантты жастар өнер сахнасында шыңдалып келеді. Өнер ұжымы аз уақыт ішінде облыстық, республикалық және халықаралық байқауларға, фестивальдарға қатысып, биіктен көрінді. Театр ашылған кезде білікті жастарды іздеді. Алғашқылардың бірі болып, Ілияс Өтетілеу де қабылданған еді. Бүгінде жас актер ұжымның белді мүшесі.**

Sb Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

# «Әрбір кейіпкердің жан дүниесін түсінуге тырысамын»

Ол мектепте оқып жүріп Н.Бекежанов атындағы театрға жиі бас сұғатын. Сахналық қойылымдарды тамашалағанды ұнататын. Бірде қойылым аяқталғаннан кейін режиссер Оңталап Нұрмахановпен кездесіп, батасын алды. Жоғары сыныпқа аяқ басқанда жаңадан ашылған жастар театрына қабылданды. Өзі секілді шығармашылыққа қызығушылығы басым жастармен бірлесіп жұмыс істеді.

– Театрға ең алғаш келгенімдегі әсерім ерекше. Қуанып тұрғаныммен, іштей қорқыныш болды. Сахна деген киелі ұғым екенін сонда түсіндім. Біз түрлі шеберлік сағаттарына қатысып, шыңдалдық. Елімізге белгілі өнер саңлақтары дәріс беріп, жас актерларды сахнаның қыр-сырын меңгеруге үйретті, – дейді ол.

Ілиястың алғашқы ролі Қанат Жүнісовтің «Алғашқы махаббатындағы» – Қайыржан. Кейіпкерді сәтті сомдап шықты. Мұнан кейін де түрлі қойылымда басты кейіпкерді бейнеледі. Мәселен, Айжан Атымтаеваның «Қыз-қасқыр», Байділдә Айдарбековтің «Неге?», Сұлтанәлі Балғабаевтың «Қызылорданың қыздары» пьесаларында белгілі рольдерді сомдады. Былтыр қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» спектаклін қойып, онда жас Абайдың ролін ойнады. Осы қойылым Ресейде өткен Халықаралық театр фестивалінде I дәрежелі дипломға ие болды. Мұнан кейін әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл Фарабидің болмысын айшықтайтын Жолтай Жұматтың «Отырардың жасыны» атты тарихи драмасында да басты рольдің бірі бұйырып, кейіпкердің қырын аша білді.

Талапты жас Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін журналистика мамандығы бойынша бітірді. Бірақ өнерден, сахнадан қол үзбейтінін айтады. Болашаққа құрған жоспары көп.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 26160 Тапсырыс №1247 | Кезекші редактор Айсәуле ҚАРАПАЕВА